ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ АРЫС ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «АРЫС ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Түркістан облысының білім басқармасының
Арыс қаласының білім бөлімінің «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы

Арыс қаласы **«17» маусым 2026 жыл**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 54 тармақшасы, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **Арыс қаласының білім бөліміне қарасты, «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне** өзін-өзі бағалау жүргізді.

Мектеп директоры Е.Кушкарбековтың 2026 жылғы «07» ақпандағы №55 бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау комиссиясымен келесі құрамда өткізді:

1) Комиссия төрағасы:Е.Кушкарбеков, мектеп директоры;
Комиссия мүшелері:
2) М.Асирова-мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;
3) У.Кадирова-мектеп директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
4) Ш.Ильясова-мектеп директорының бейіндік жұмысы жөніндегі орынбасары;
5) У.Ахметова-мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының міндетін уақытша атқарушы, хатшы

Комиссия өзін-өзі бағалау материалын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстыра отырып, Түркістан облысы білім басқармасы Арыс қаласының білім бөлімінің «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді, атап айтқанда ағымдағы оқу жылының 2025 -2026 оқу жылына өзін-өзі бағалау жүргізді.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

Мекеменің толық атауы: Түркістан облысының Білім басқармасының Арыс қаласының Білім бөлімінің «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі –мектеп)

Білім беру ұйымының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 160100,Түркістан облысы, Арыс қаласы, Д.Нұрпейісова көшесі № 2 «А» үй.

Электронды почтасы: school_arys@mail.ru

Мектеп сайты: https://arysschool.edugov.kz/kz/

Facebook Әлеуметтік желі: https://www.facebook.com/share/1B4fZYjyrf/

Білім беру ұйымының жарғысы Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 тамыздағы №180 қаулысымен бекітілген. Тіркелген күні 09.09.2023 жыл.

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).

Білім беруге құқық беретін мемлекеттік лицензиясы

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 21.09.2023 жылғы мерзімі шектеусіз № KZ22BFA00163602 мемлекеттік лицензиясы жалпы орта, негізгі орта және бастауыш білім беру «Арыс жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесіне берілген.Мектепте оқыту қазақ тілінде жүргізіледі.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: ҚР әділет министрлігі, Түркістан облысының Әділет департаменті заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама **БСН**: **050940003759** 09.09.2023жыл.**Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні:** 02.09.2005 жыл.

Түркістан облысының Денсаулық сақтау басқармасынан 22.07.2019 жылғы №1111610DX нөмірлі лицензияланатын қызмет түрінің кіші қызметтері бойынша «Алғашқы медициналық-санитариялық көмек, дәрігерге дейінгі көмек көрсету берілген.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық – эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысының санитарлық – эпидемиологиялық бақылау департаментінің Арыс қалалық санитарлық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің 15.11.2024 жылғы № X.14.X.KZ36VWF00248509 санитарлық эпидемиологиялық қорытындысы санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сай келетіндігі туралы қорытындысы бар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулыға сәйкес бекітілген білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған асхана және буфет жұмыс жасайды. Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету шарты бойынша жеке кәсіпкер Сәрсенбекова Алима Наметкеримовнамен 2019 жылғы 14 қаңтардағы мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға беру) туралы №35 келісім -шарты негізінде акт түзіліп, «Жалдаушы» Сәрсенбекова Алима Наметкеримовнаға жалға берілген.

№79 бұйрықпен бекітілген білім беру ұйымдарындағы пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық кешенге және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талапқа сәйкес келеді, мектепте 95 ноутбук, 9 планшет, 11 компьютер,3 моноблок,20 интерактивті тақта бар. Интернет желісіне қосылған 1 компьютер, жылдамдығы 20 мб/ск.

Мектеп ғимараты 250 орындыққа арналған, 3 корпустан тұрады. Бір корпус 3 қабатты, екі корпус 2 қабатты. «А» корпусында 20 сынып бөлмелері, 2 ноутбуктармен жабдықталған кабинет, 6 әкімшілік кабинеті, медициналық кабинеті, қыздарға арналған еңбек кабинеті бар. «Б» корпусында 10 сынып бөлмелері, 1 ноутбуктармен жабдықталған кабинет «В» корпусында асхана, спортзал, акт зал,

кітапхана, үйірме бөлмесі, ұл балаларға арналған еңбек бөлмесі, АӘДТ бөлмесімен қамтамасыз етілген.Мектепте жаңа үлгіде жабдықталған химия кабинеті бар.

Мектепте № 71 қаулыға сәйкес санитариялық нормаларға сәйкес санитариялық тораптар:77 қол жуғыш, 13 әжетхана, 23 унитаз,17 писсуар бар.

Білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейне бақылаудың болуы.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы №49 және Қазақстан Республикасы білім беру және ғылым министрінің 2019жылғы 23 қаңтардағы « Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандартты және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» №32 бірлескен бұйрығына сәйкес мектепте жалпы 16 бейнебақылау орнатылған, оның ішінде ішкі камералар- 12, сыртқы камералар -4.

Баспалдақтар мен пандустар тұтқалармен жабдықталған, баспалдақ пен сыртқа шығу және кіру жолы ерекше түспен боялған.

Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша дұрыс жіне толық ақпарттың болуы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы «Білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы» № 570 бұйрығында көрсетілген мәліметтердегі қосымшалар басшылыққа ала отырып, «Ұллтық білім беру деректер қоры» (ҰББДҚ)ақпараттық жүйесінде көрсетілген қосымшаларға сәйкес толтырылған. сәйкестігі.

Заңды тұлға өкілі: Ералы Кушкарбеков Рахматуллаевич,15.02.1981жыл,ЖСН 810215302571,№021253708,06.11.2017 ж ҚР Әділет Минстрлігімен берілген. Арыс қаласының білім бөлімінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 5 бұйрығымен Арыс жалпы білім беретін мектебіне барлық қаржылық және басқа да құжаттарға бірінші қол қою құқығымен директоры қызметіне тағайындалған.Білімі жоғары, 1984 жылы Шымкент қаласындағы Халыхаралық Қазақ-Араб Университетінің тарих және география мамандығы бойынша бітірген.География пәнінің мұғалімі бойынша педагог-зерттеуші біліктілік санаты берілген. Педагогикалық еңбек өтілі 20,6 жыл, директор қызметіндегі еңбек өтілі 11,6 жыл. Заңды тұлғаның байланыс деректері: 87718110681

Арыс жалпы орта білім беретін мектебі ең алғаш 2005 жылы бастауыш мектеп болып ашылған. 2020 жылдың ақпан айының 1-нен бастап жалпы орта білім беретін мектеп статусын алды. Қазіргі пайдаланып отырған ғимарат 2012 жылы пайдалануға берілді. Мектеп өз жұмысын Қазақстан Республикасының конституциясын, ҚР Азаматтың Кодексін, «Білім туралы» Заңын және білім саласындағы басқа да нормативтик құқықтық актілерді, білім беру ұйымының жарғысын басшылыққа алады.

Кадр құрамы

Мектепте жалпы педагог саны 2025 - 2026 оқу жылының басында-83.
Жылдың басында 2-мұғалім,1-дефектолог жұмысқа қабылданып- 86 педагог оқу жылын аяқтады.

Педагог-шебер-0,педагог-зерттеуші-18, педагог-сарапшы-21,педагог-модератор-23. педагог-22. Жалпы мектеп бойынша біліктілік санаты бар педагогтердің үлесі-97,6% , педагог- зерттеуші-18,(20,9%) педагог-сарапшы–21 (24.4%), педагог-модератор– 23(26.7%)
педагог-22(25.5%).

Әдістемелік бірлестік	Педагог саны	Педагог-шебер	Педагог - зерттеуші	Педагог сарапшы	Педагог – модератор	Педагог
Қазақ тілі мен әдебиеті	5	-		2		3
Орыс тілімен әдебиеті	5		-	1	2	2
Шет тілі	6	-	1		2	3
Бастауыш	27		12	11	4	-
Тарих, география	7	-	1	2	4	
Химия, биология	4	-	-		3	1
Математика, Физика Информатика	11		1	2	4	4
Көркем еңбек,музыка	4	-	-	-	2	2
Дене тәрбиесі	7	-	2	1	1	3
АӘТД	1				1	
МАДС	4	-	-	2	1	-1
Педагог-психолог	2		1			1
Дефектолог	1					1
Әлеуметтік-педагог	1				1	
Тәлімгер	1	0				1
Барлығы	86	0	18	21	23	22

Педагог қызметкерлерді аттестаттау – педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім. Педагогтарды аттестаттаудың міндеті - педагогтың кәсіби деңгейіне сәйкес біліктілік санатын беру мұғалімдерді аттестациядан өткізу мақсатында бекітілген жоспар бойынша жүйелі жұмысын жалғастыра отырып осы оқу жылында аттесттаудан өтудің перспективті жоспарына сәйкес 21 педагог жоспарлы түрде біліктілік деңгейін арттыруға өтініш берді.

«Екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары» санатына -1 директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары,Педагог-зерттеуші-3(кайта).3 педагог-жана.«Педагог- сарапшы» санатына өтініш бергендер- 10 ,1-педагог растады.1-педагог жаңадан өтті.4 педагог- пилоттык жобаға қалды.«Педагог- модератор» санатына-5.4-педагог растады.1 педагог-тапсыра алмады.

2026-2027 оқу жылында перспективті жоспарға сәйкес қаңтар-маусым айларында «педагог – сарапшы»-1педагог(растау).

Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы мәліметтер Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі:

АРЫС ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТІҢ ОҚЫТУ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫ (5 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР) 2025-2026

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 3-қосымша
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығына 3-қосымша

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет/ балалардың іс-әрекеті	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жүктеме, сағат	
		мектепалды сынып "А"	мектепалды сынып "Ә"	мектепалды сынып "Б"	мектепалды сынып "В"	Апталық	Жылдық
1	**Дене тәрбиесі**						
	Дене тәрбиесі	3	3	3	3	**12**	**408**
2	Сөйлеуді дамыту	2	2	2	2	**8**	**272**
	Көркем әдебиет	2	2	2	2	**8**	**272**
3	**Қарым-қатынас іс-әрекеті**						
	Қазақ тілі	2	2	2	2	**8**	**272**
	Сауат ашу негіздері	3	3	3	3	**12**	**408**
4	**Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**						
	Математика негіздері	3	3	3	3	**12**	**408**
5	**Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті**						
	Қоршаған әлеммен таныстыру	2	2	2	2	**8**	**272**
6	**Зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**						
	Сурет салу	1	1	1	1	**4**	**136**
	Мүсіндеу						
	Жапсыру						
	Құрастыру						
7	**Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**						
	Музыка	2	2	2	2	**8**	**272**
БАРЛЫҒЫ		**20**	**20**	**20**	**20**	**80**	**2720**

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

Мектептің әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметін бөлудің көшірмелері ұсынылды). Оған дәлел:

2025-2026 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі № 394 бұйрығы 3 - қосымша;Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғ12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;

2) **білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру:**

МДС-та "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына сәйкес әзірленген оқу бағдарламалары іске асырылады. Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу МДС-та «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттеріне бағытталған.

МДС-та арнайы түзету ұйымдастырылған оқу қызметіне мұқтаж балалар жоқ. (Бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінгенін растайтын құжаттардың көшірмелері, оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелері қоса беріледі);

2) **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау:**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 1- қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

Мектепте мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының міндеттерін орындау барысында үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылып отырды. Үлгілік қағидалардың 4-тармағына сәйкес балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, мектепалды даярлық сыныптарына 72 тәрбиеленуші қабылданып (ата-ана өтінішімен) тізімі 25.08.2025ж. мектеп директорымен бекітілді. Тәрбиеленушілердің тізімі ҰББДҚ-на енгізілген, барлығы сәйкес келеді. Жас кезеңдері ескерілген мектепалды даярлық сыныптарының тізімдерінің көшірмелері ұсынылды.Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 31

тамыздағы №385 бұйрығына сәйкес мектепалды даярлық сыныбы (5 жастағы балалар) тәрбиеленушінің толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылы 1-28 тамыз аралығында 20 баладан артық емес талапқа сай 4 топқа топтастырылды. Өлшемшарттың 3- қосымшасына сәйкес 2025-2026 жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

Талдау нәтижесі : Мектепалды даярлық топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде) – 100%.Мектепалды даярлық сыныбы бойынша ағымдағы 2025-2026 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар анықталмады. МАДС аптасына 5 күндік (толық күн болу) жұмыс жасайды, жұмыс уақыты I ауысым сағат 10:30-ден 12:40-қа дейін, II ауысым сағат 14:00-ден 16:10-ға дейін.

Мектепалды даярлық сыныптардың оқу қызметіне арналған арнайы кабинеті бар. Онда баланың жас ерекшелігіне сай сабақ құралдары мен ойынға қажетті ойыншықтармен жабдықталған. Мектепалды тобы бір бөлмеден тұрады. Сынып бөлмелерінде күнделікті оқу тәрбие жұмыстарына арналған құрал – жабдықтармен, оқушы столы, мұғалім столы, орындықтар, шкафтар магнитті тақтамен жабдықталған. Терезелері металл пластиктен жасалған. Жарықтандыру табиғи және жасанды люминесценттік шам арқылы, желдетілуі қабырға көздері және терезе арқылы. Есіктері ағаштан жасалған. Сынып бөлмелері қабырғаларына оқу тәрбиеге қажетті көрсеткіш құралдармен буклеттер, плакаттар безендірілген. Тәрбиеленуші бала ойын элементтерінен құралған тапсырмалар арқылы дамып өсетінін айтар болсақ 20-25 бөлшекті пазлдар, мозайка, 100 бөлшекті пазлдар, дамытушы үстел ойындары бар. Бейнелеу өнеріне баулуға арналған қарапайым, түрлі - түсті қарандаштар. Ағаш немесе пластмасса бөлшектері бар конструктор. Әр түрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер, карточкалар жиынтықтары, сондай-ақ, кітапшалар, ертегілер, оның ішінде сөйлейтін кітапшалар мен ертегілер, дидактикалық ойындармен де қызыға ойнап, уақыттарын тиімді өткізеді. Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес балаларды мектепалды даярлық (МАД) сыныптарда тәрбиелеу мен оқытудың психологикалық – педагогикалық негізіне қойылатын талаптар жүйесі кіреді, осы талаптар жүйелі түрде орындалып келеді. МАД сыныптарда бес білім беру саласын негізге ала отырып дамытушы орта ұйымдастырылған. Бала өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық–техникалық, санитарлық–гигиеналық, психологиялық– педагогикалық, эстетикалық жағдайларды кешенді ұйымдастыру ескерілген. Пәндік–дамытушы ортада баланың құрдастарымен, заттық обьектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісуге жағдай жасалынған. Балалардың толыққанды физикалық даму үшін мектептің спорт залы, спорттық снарядттар (футбол, үрмелі доптар, секіртпелер, шеңбер және т.б.) балалардың және интеллектуалды дамуы үшін сюжеттік суреттері бар текшелер, математика текшелері жеткілікті. Мектепте МАД сыныптарда баланың логикалық дамуына мүмкіндік жасалып, ойын бұрыштарында даму ойындары қойылған. Балалардың өмірімен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Мектептегі МАД сыныптардың оқу–тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік, материалдық базасы жеткілікті жабдықталған. Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын

қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы фотосуреттер қоса берілді

Ақпараттық ресурстар

Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында жүзеге асыру жұмыстары ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы 2-тарау «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібі» бойынша 20 - тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі оқу жоспарының және бағдарламаның толық көлемде іске асырылды.Осы бұйрықтың 22-тармағына сәйкес 2025-2026 оқу жылдарында жоғары білімді 4 тәрбиеші білім беру және тәрбие қызметін жүзеге асырды**.**

1. Тәрбиеші-Адахам Нұржамал Қожамқұлқызы-жоғары білімді. Бітірген оқу орны-Шымкент қаласы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті. Еңбек өтілі-14 жыл. Адахам Нұржамал Қожамқұлқызы- педагог-сарапшы. Педагогикалық шеберлік орталығы, Балалардың мектепалды даярлығы бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 120-академиялық сағат көлемінде оқу курсын аяқтады.2024ж
2. Тәрбиеші Сабденова Жазира Беккулиевна - білімі жоғары, бітірген оқу орны Шымкент қаласы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, педагогикалық еңбек өтілімі 14 жыл. Сабденова Жазира Беккулиевна- педагог-сарапшы. "Педагогикалық шеберлік орталығы" Балалардың мектепалды даярлығы бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 120 академиялық сағат көлемінде оқу курсты аяқтады. Сертификат MD № 13.09 .2024ж;
3. Тәрбиеші Алтаева Гулжахан Ауелхановна-білімі жоғары, бітірген оқу орны Шымкент қаласы, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, педагогикалық еңбек өтілімі 9 жыл. Алтаева Гулжахан Ауелхановна-педагог-модератор. "Педагогикалық шеберлік орталығы" мектепке дейінгі педагогтерінің біліктілігін арттырудың "Баланы ерте дамыту бағдарлары" білім беру бағдарламасы бойынша 170 академиялық сағат көлемінде курсты аяқтады. Сертификат 2e79e6c64, 16.04.2026 ж;
4. Тәрбиеші Бектұрсынова Бағила Киргизовна-білімі жоғары, педагогикалық еңбек өтілімі 17 жыл. Бектұрсынова Бағила Киргизовна -педагог-сарапшы, магистр. "Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми практикалық негіздері» бойынша 80 академиялық сағат көлемінде курсты аяқтады. 2024 ж;

Талдау нәтижесі: МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасын талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» тиісті бейіні бойынша білімі бар және үш жылда бір реттен сиретпей курстан өткен педагогтердің үлесі 100%-ды құрап отыр.

Әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымша

Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер «Арыс жалпы білім беретін мектеп» 2025-2026 оқу жылы бойынша

№	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Туған жері және жылы	Негізгі жұмыс орны (білім беру мекемесінің атауы, лауазымы, өтілі)	Жоғары (жоғарыоқу орнынан кейінгі) және/немесе техникалық және кәсіптік және/неме	штат бірлігі	Біліктілік санаты, берілген күні, санат беру туралы	Біліктілікті арттыру курстарынан өту орны (ұйым)	Медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер (медициналық кі
1	Адахам Нұржамал Қожамқұл қызы	Түркістан облысы Арыс қаласы 04.04.1978	Арыс жалпы білім беретін мектебі МАД топ тәрбиешісі Пед.өтілі 14	Шымкент қаласы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті.	1	педагог-сарапшы 2025 ж	Педагогикалық шеберлік орталығы, 2024 ж	Рұқсат беру мерзімі 04.08.2025ж дейін
2	Сабденова Жазира Беккулиевна	Түркістан облысы Арыс қаласы 26.03.1989	Арыс жалпы білім беретін мектебі МАД топ тәрбиешісі Пед.өтілі 14	Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қаласы	1	педагог-сарапшы 04.12.2020ж №280 бұйрық	"Педагогикалық шеберлік орталығы" 2024ж;	Рұқсат беру мерзімі 04.08.2025ж дейін
3	Алтаева Гулжахан Ауелхановна	Түркістан облысы Арыс қаласы 17.06.1986	Арыс жалпы білім беретін мектебі МАД топ тәрбиешісі Пед.өтілі 9	Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қаласы	1	Педагог-модератор 01.09.2023ж №280 бұйрық	"Педагогикалық шеберлік орталығы" 2026 ж;	Рұқсат беру мерзімі 28.08.2025ж дейін
4	Бектұрсынова Бағила Киргизовна	Түркістан облысы Арыс қаласы 20.12.1976	Арыс жалпы білім беретін мектебі МАД топ тәрбиешісі Пед.өтілі 17	Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қаласы	1	педагог-сарапшы 2024	"Өрлеу біліктілікті арттыру курсы» 80 сағат 2024 ж;	Рұқсат беру мерзімі 28.08.2025ж дейін

Үлгілік қағидаларының 21-тармағына сәйкес Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған.

Түркістан облысының білім басқармасының Арыс қаласы білім бөлімінің «Арыс жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің әкімшілік және азаматтық қызметкерлерінің қыркүйек 2024 ж.мамыр 2025 жылдың штаттық кесте тізімі

№	Лауазым-дардың атауы	аты-жөні	Білімі жоғары орта арнаулы	шт. бірлік	Категория	еңбек өтілі	коэф.	БЛА	доп кф		Лауа-зымды жалақы	Қосымша	Экология 20%	Қосымша		1 айдағы лауазымдық жалақы 25% бенқосқанда
														Педагог		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10		11	14	17	21		13
1	МАДС	Адахам Н	Жоғары	1	ВЗ-3	13	4,28	17697	2,00	1,30	196932	19693	39386			256012
2	МАДС	Сабденова Ж	Жоғары	1	ВЗ-3	13	4,43	17697	2,00	1,30	203834	20383	40767	61150		326134
3	МАДС	Алтаева Г	Жоғары	1	ВЗ-4	9	4,00	17697	2,00	1,30	184049	18405	36810			239263

Мектепалды сыныптардың педагогтердің тиісті бейіні бойынша кәсіптік білімі бар, өз қызметінде тиісті кәсіптік қызметтерге ие, өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіріп отырады. Тәрбиешілердің кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтардың білімі туралы дипломдарының көшірмелері талдауға ұсынылды.

3) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы:

2025-2026 оқу жылының бастапқы мониторингімен 4 сынып - жиынтықта (А,Ә,Б,В) 72 бала қамтылды. МДО МЖМБС анықтайтын дағдылар мен дағдылардың тізбесіне сәйкес балалардың даму деңгейі:

Физикалық қасиеттерін дамыту бойынша балалардың 41% - жоғары, 37 % - жақсы, 22% - төмен.

Коммуникативтік – тілдік дағдылар бойынша балалардың 45 % – жоғары, 39 % - жақсы, 16 % - төмен.

Танымдық зияткерлік дағдылары бойынша балалардың 54 % - жоғары, 35% - жақсы, 11 % - төмен.

Шығармашылық дағдылары бойынша балалардың 50 % - жоғары, 38 % - жақсы, 12% - төмен.

Әлеуметтік дағдылар бойынша балалардың 49 % - жоғары, 36% - жақсы, 15 % - төмен.

Мониторингтің нәтижелерін бақылау парақтарымен қоса баланың жеке даму картасы толық іске асырылды.

«Денсаулық» білім саласы бойынша:

Мектеп жасына дейінгі балалардың үйде, көшеде және қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс – тұрыс ережелері туралы білімі орта деңгейде қалыптасқан. Қимылы дамыған, барлық ойындар мен тапсырмаларды орындай алу дағдысы қалыптасқан. Ұйымдастырылған оқу қызметі, түрлі тәрбиелік іс-шаралар, ата-аналармен жұмыс арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың үйде, көшеде және қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс – тұрыс ережелері туралы білімдері қалыптасқан.

«Қатынас» білім саласы бойынша:

Сөйлеуді дамыту оқу қызметі бойынша (сюжеттік және тақырыптық суреттер) бойынша дидактикалық материалды жаңарту, қоршаған ортаға қатысты тірлі сұрақтарға жауап беруі қалыптасқан, жеке баламен жұмыстар жасалған. Ата-аналар үшін сипаттамалық сипаттағы әңгімелер құрастыруда үйлесімді сөйлеуді дамыту туралы жадынамалар жасап, жұмыстар жүргізген.

«Таным» білім саласы бойынша:

Тәрбиешінің көмегімен түстерді ажыратады, санай алады, геометриялық пішіндерді ажырата алуға дағдыланады. Біртекті заттарды құрастырады және бөліп алады, бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі бойынша беттестіру және тұстастыру арқылы салыстырады. Құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды.
«Әлеумет» білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде балаларды туған өлкесімен, оның тарихымен, табиғатымен, көрікті жерлерімен таныстыруға әдіс-тәсілдері қолданып нәтижеге жеткен.

4) Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау:

Баланың даму мониторингін қамтамсыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму карталарының көшірмелері берілді).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейлерін бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес әр топтың тәрбиеленушісіне жеке даму картасы жасалды. Баланың жеке даму картасы баланың мектепалды даярлық сыныбында болатын барлық уақытында жүргізіліп отырды.Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз ете отырып, оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылып отырды. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) бес дағдылары бойынша нәтижелері талданды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың даму деңгейін қадағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бастапқы бақылауға арналған индикаторлар бақылау парағында көрсетілді. Сонымен қатар, аралық, қорытынды бақылаулардан күтілетін нәтижелермен баланың білік, дағдыларын дамуы деңгейі бойынша диагностика нәтижелері бақылау парағына енгізілді. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес әрбір жас кезеңіндегі құзыреттіліктерді меңгеру деңгейіне сай жүргізіледі.

1. Денсаулық сақтау құзыреттілігі: мәдени-гигиеналық дағдылар,дене

шынықтыру, дербес қимыл белсенділігі, салауатты өмір салты бөлімдері;
2. Коммуникативті-тілдік құзыреттілік: қатынас мәдениеті, тілдің грамматикалық құрылымы, тілдің дыбыстық мәдениеті, сөздік,
3. Байланыстырып сөйлеу, шығармашылық тілдік қызмет, шығармаларды қабылдау бөлімдері;
4. Танымдық құзыреттілік: заттардың қасиеттерін бағдарлау, қоршаған ортаны тану, құрастыру дағдылары, экологиялық мәдениет негіздері, қарапайым математикалық ұғымдар, іздеу және эксперименталды іс-әрекет, ақпаратпен жұмыс бөлімдері;
5. Шығармашылық құзыреттілік: музыкалық іс-әрекет, нәтижелі іс-әрекет, қоршаған ортаны эстетикалық қабылдау бөлімдері;
5. Әлеуметтік құзыреттілік мінез-құлық дағдылары ересектермен және құрдастарымен өзара іс-әрекеті, адамгершілік нормалары туралы түсінік бөлімдері бойынша көрсеткіштер нәтиже деңгейі индикаторлар жүйе көрсеткішінде анықталып отырады.

2025-2026 оқу жылдарында барлық даярлық сыныптың барлық білім беру салалары бойынша бақылаудың қорытынды нәтижелерінде өсу деңгейі байқалады. Мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілерінің білік дағдылары үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарға сай екені байқалады. Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілері орта білім беру ұйымында оқуға қажетті біліктер мен дағдыларды игергені анықталды.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының 20, 21-тармағына сәйкес жасалды.

"Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын оларды әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру арқылы интеграциялау жолымен іске асыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға әлеуметтік дағдыларымен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным»,«Әлеумет» білім беру салалары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етеді. Педагогтар ұқсас тақырыптарды таңдау барысында аймақтық ерекшеліктерді балалардың жастарын, педагогтың тақырыптық бағытын ескере отырып шығармашылық құзыреттілік танытады. Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Педагогтерді дамыту үшін ұйымдастырылған оқу қызметінде саралау әдістері, бақылау түрлері, кері байланыс, рефлексия орнату үшін, ашық-жабық сұрақтар, ойын түрлерінің әдіс-тәсілдері тиімді болады және оны жүзеге асыру мақсатында бір аптаға жоспарланған циклограмманы басшылыққа аламыз. Тәжірибенің ұтымды жақтары ең басты баланы танып дамытуға, алдына нақты мақсат қойып, ойын түрлерін қолданғанда ғана жүзеге асырылады.«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді

ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру. Мектепалды перспективалық жоспарлары бар. Өз шеберліктеріне қарай жасалған. Мектепалды сыныпта өз қызметін 1 қыркүйек пен 31 мамыраралығында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 мамырдағы № 499 бұйрығымен бекітілген бағдарламаға сәйкес жүргізуде және оқу жылы бойына ішкі тәртіп ережелеріне сай каникулдар белгіленді.

5) Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау:

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтап келеді.Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС сәйкес туғаннан бастап 1- сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар басшылыққа алынды.МДС-ға 5 жастағы балаларды қабылдау "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына сәйкес ата-аналардың өтініштері және бұйрық шығару (бұйрықтардың көшірмелері қоса беріледі) негізінде жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепалды сыныптарында оқу процесі 1 қыркүйектен бастап 31 мамырға дейін жүзеге асырылады (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру кезеңі).Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (ҚР БҒМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы) (бұдан әрі-Үлгілік бағдарлама)

«Денсаулық»,«Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру саласы бойынша мақсат міндеттеріне сай жүргізіледі. Үлгілік оқу жоспарларына (ҚРБҒМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы) сәйкес оқу жүктемелері бойынша ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің кестелері құрылды.

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің жағдайын зерделеу, сондай-ақ даму динамикасын көрсету, мектепке дейінгі ұйымның ұсынатын қызметінің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау, өңдеу және талдау, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау мақсатында де балалардың жас ерекшеліктеріне сай бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізіледі.«Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарларын» бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы және Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі ұйымдарында 2025-2026 оқу жылын ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хат негізінде жылдық жоспар жасақталып, оқу тәрбие процесі ұйымдастырылды.

II. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар: Тәрбиеленушілердің МДО ҮОЖ-да белгіленген оқу

жүктемесінің ең жоғары көлеміне сәйкестігі және қойылатын талаптарды сақтау

Оқу жұмыс жоспарындағы сағаттар 2025-2026 оқу жылында оқу іс-әрекеттерінің кестесінде толық көрсетілген. МДС-тағы тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес белгіленді.

Мектепалды даярлық сыныптарындағы апталық оқу жүктемесінің көлемі

Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесін сақтау.

2025-2026 оқу жылында апталық оқу жүктемесінің көлемі ҮОЖ-20 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25 минутты құрады.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 14 тармағына сәйкес жасалды.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 3-тараудың 23 тармағының талаптары басшылыққа алынды.Апталық оқу жүктемесі бойынша оқу жұмыс жоспарында 2025-2026 оқу жылдарында оқу іс - әрекеттері сабақ кестесіне толық енгізілді. Мектепалды сыныптарының (5 жастан бастап) – оқу қызметінің ұзақтығы 25 минуттан болды. Сабақ аралық үзіліс – 10 минуттан қойылды.

III. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшасының 25 - тармағына сәйкес мектептегі мектепалды сынып 5 жастағы балалардың жасын ескере отырып, оқу жылы басында топқа қабылданды. Мектепалды даярлық 4 сыныпта 72 тәрбиеленуші білім алады.

1. МАД «А» - 19 тәрбиеленуші,
2. МАД «Ә» - 17 тәрбиеленуші
3. МАД «Б» - 18 тәрбиеленуші
4. МАД «В» - 18 тәрбиеленуші

Ұлттық білім беру деректер қорында (ҰББДҚ) мектепалды даярлық сыныптың 72 тәрбиеленушісі тіркелген.

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтап келеді.

Мектепалды сынып ата-аналары үшін (толық келісемін, келісемін, келіспеймін, толық келіспейін) сауалнама жүргізілді, нәтижесі төмендегідей нәтиже көрсетті:

1. Сіздің балаңыз мектепалды сыныпқа қуана барады

59%-толық келісемін,32%-келісемін, 5%-келіспеймін, 4%-толық келіспеймін

2. Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар

63%-толық келісемін, 30%-келісемін, 3%-келіспеймін,4%-толық келіспеймін.

3. Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз ба

70%-толық келісемін,26 %келісемін,2%-келіспеймін,2%-толық келіспеймін.

4. Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (педагог-психолог) қызметіне қанағаттанасыз ба

45%-толық келісемін, 45%-келісемін, 6%-келіспеймін, 4%-толық келіспеймін.

5. Тәрбиешілер этика нормаларын педагогикалық әдептілікпен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды.

65%-толық келісемін, 31%-келісемін, 2%-келіспеймін, 2%-толық келіспеймін.

6. Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба?

70%-толық келісемін, 28%- келісемін, 1%-келіспеймін, 1%-толық келіспеймін.

7. Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді

72%-толық келісемін, 26%-келісемін,1%-келіспеймін,1%-толық келіспеймін.

8. Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз

62%-толық келісемін,34%келісемін,2%-келіспеймін,2%-толық келіспеймін.

9. Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог және т.б балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.

58%-толық келісемін,35%-келісемін, 6%-келіспеймін,3%-толық келіспеймін.

10. Сіз мектепке дейін ұйым жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз

64%-толық келісемін, 33%-келісемін, 3%-келіспеймін, 1%-толық келіспеймін.

11. Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе?

39%-толық келісемін, 32%-келісемін, 19%-келіспеймін,10%-толық келіспеймін.

Орта балы:92,2%

II – тарау. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беруұйымдарын бағалау

Мектептің 2023-2024 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасына негізделіп жасалды.

2023-2024 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аударылған: - білім алушылардың білімін толықтыру; - қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету; цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау.

Жылдық жоспарды жасау барысында Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 және 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрықтары басшылыққа алынған.

Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарын сәйкестігі.

2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 11-қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығының 6-қосымшаға сәйкес оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) жұмыс оқу жоспары,

5-9 сыныптарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 16-қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығына 16-қосымша сәйкес оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің(төмендетілген оқу жүктемесімен) жұмыс оқу жоспары,

10-11 сыныпқа Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 22 –қосымша, , Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығына 22-қосымшаға сәйкес оқыту қазақ тіліндегі жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) жұмыс оқу жоспары басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (бұдан әрі – СанПин) (05.08.2021 ж. № 2021 жылғы өзгерістер мен толықтырулар) -76). Сонымен, 1-11 сыныптарда, СанПин-ге сәйкес, 2 және 4 сабақтан кейін кемінде 15 минутқа үзіліс бар. Сабақ кестесін мектеп директоры бекітеді және мектептің ата-аналар комитетінің төрағасымен келісіледі.

1) **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы** 2 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі– **ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру**

2025-2026 оқу жылында жұмыс оқу жоспары бастауыш сыныптарда барлығы 12 сыныптар жиынтығы бар, оның ішінде 1 сыныпта – 3, 2 сыныпта – 3, 3 сыныптарда – 3, 4 сыныптарда- 3 сынып жиынтығы.

1- сыныпта оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 19,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 17,5 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» -6 сағат, әліппе -6 сағат, математика және информатика бөліміне 4,5 сағат, оның ішінде математика пәні бойынша сағат жүктемесі – 4 сағат, цифрлық сауаттылық-0,5 сағат, «жаратылыстану» - 1 сағат, «адам және қоғам» - 1 сағаттық жүктемеде 1 сағат дүниетану, «технология және өнер» бөлімі бойынша 3 сағаттық жүктемеде 1 сағат еңбекке баулу пәні- 1 сағат, бейнелеу өнері пәні бойынша 1 сағат, музыка пәні бойынша 1сағат берілді.

«Дене шынықтыру» пәніне аптасына 2 сағат берілді.

Вариативті оқу жүктемесі 2 сағатты құрайды.Таңдау пәні бойынша қызықты математика-1 сағат,дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат берілді.

2- сыныпта оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің

максималды көлемі 24 сағатты, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 21 сағатты құрады. «Тіл және әдебиет» бөліміне 9 сағат берілген, оның аптасына 4 сағаты қазақ тілі пәні бойынша, әдебиеттік оқуға аптасына 3 сағат, орыс тілі пәніне 2 сағат берілді. «Математика және информатика» бөлімінде математика –
4 сағат, цифрлық сауаттылық -1 сағат, «жаратылыстану» бөлімі бойынша жаратылыстану пәніне- 1 сағат, «адам және қоғам» бөлімінде 1 сағат дүниетануға, «технология және өнер» бөлімі бойынша 3 сағаттық жүктемеде 1сағат көркем еңбек пәні бойынша,1 сағат бейнелеу өнері пәніне, 1сағат музыка пәніне, « дене шынықтыру»бөлімінде денешынықтыру пәніне аптасына 2 сағат берілді.
Вариативті оқу жүктемесі 3 сағатты құрайды.Таңдау пәндері бойынша ғажайып математика-1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат берілді.

3- сыныптарда оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 26 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 24 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» бөліміне 11 сағат берілген, оның аптасына 4 сағаты қазақ тілі пәніне, әдебиеттік оқуға берілген аптасына 3 сағат, орыс тілі мен ағылшын тілдеріне аптасына 2 сағаттан, «математика және информатика» бөлімінде – 6 сағат, 5 сағат математика, 1 сағат цифрлық сауаттылық пәніне, жаратылыстану пәніне бойынша 1 сағат, «адам және қоғам» бөліміндегі 1 сағат дүниетану пәніне, «технология және өнер» бөлімі бойынша 3 сағаттың 1сағаты көркем еңбек пәніне, 1сағат музыка пәніне,1 сағаты бейнелеу өнеріне, дене шынықтыру пәніне 2 сағат берілді.

Вариативті оқу жүктемесі 2 сағатты құрайды.Таңдау пәндері бойынша математика және логика-1 сағат берілсе, дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат берілді.

4- сыныптарда оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 26 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 24 сағатты құрады «Тіл және әдебиет» бөліміне 11 сағат берілген, оның аптасына 4 сағаты қазақ тілі пәніне, әдебиеттік оқуға берілген аптасына 3 сағат, орыс тілі мен ағылшын тілдеріне аптасына 2 сағат, «математика және информатика» бөліміндегі 6 сағаттың 5 сағаты математика пәніне, 1 сағаты цифрлық сауаттылық пәніне, жаратылыстану пәніне 1 сағат, дүниетану пәніне 1 сағат, «технология және өнер» бөлімі бойынша 3 сағаттың 1сағаты көркем еңбек пәніне, 1сағаты музыка пәніне, 1 сағат бейнелеу өнері пәніне, дене шынықтыру пәніне 2 сағат берілді.

Вариативті оқу жүктемесі 2 сағатты құрайды.Таңдау пәндері бойынша математикалық сауаттылыққа1 сағат берілсе, дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат берілді.

2025-2026 оқу жылында бастауыш сыныптардағы оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп апталық оқу жүктемесі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативтік оқу жүктемесі
1/3	19,5/58,5	17,5/52,5	2/6
2/3	24/72	21/63	3/9
3/3	26/78	24/72	2/6
4/3	26/78	24/72	2/6

Барлығы 12 сынып	95,5/1146	86,5/1038	9/108

2025- 2026 оқу жылындағы негізгі орта білім беру сыныптар бойынша оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп оқу жүктемесі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативтік оқу жүктемесі
5/3/қазақ/	28,5/85,5	27/81	1,5/4,5
6/3/қазақ/	28,5/85,5	27/81	1,5/4,5
7/3/қазақ/	32,5/97,5	28/84	4,5/13,5
8/5/қазақ/	32,5/162,5	28/140	4,5/22,5
9/3/қазақ/	34/102	29/87	5/15
Барлығы-17	**156/533**	**139/473**	**17/60**

Сыныптар бойынша жалпы орта білім берудің жалпы сыныптар бойынша оқу жүктемесінің көлемі /2025 – 2026 оқу жылы/

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп оқу жүктемесі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативтік оқу жүктемесі
10 /ЖМБ/қазақ/	34/34	28/28	6/6
10/ ҚГБ/ қазақ	33/33	28/28	5/5
11 /ЖМБ/қазақ/	34/34	28/28	6/6
Сынып комплект-2	**68/68**	**56/56**	**12/12**

ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері)

2025-2026 оқу жылы					
ҚР Білім және ғылым министрлігінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына 11 қосымша, ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024 жылғы №27 бұйрығына 6 -қосымша					
1	1 сынып	Қызықты математика	1	33	
	1 сынып	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	1	33	
2	2 сынып	Ғажайып математика	2	68	
	2 сынып	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	1	34	
3	3 сынып	Математика және логика	1	34	
		Дене шынықтыру: спорттық ойындар	1	34	

4	4 сынып	Математикалық сауаттылық	1	34	
		Дене шынықтыру: спорттық ойындар	1	34	
ҚР Білім және ғылым министрлігінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына 16-қосымша ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 жылғы №365 бұйрығына 16- қосымша					
5	5 сынып	Жаһандық құзіреттілік	0,5	17	
		Дене шынықтыру: спорттық ойындар	1	34	
6	6 сынып	Жаһандық құзіреттілік	0,5	17	
		Дене шынықтыру: спорттық ойындар	1	34	
7	7 сынып	Жаһандық құзіреттілік	0,5	17	
		Алгебра	1	34	
		География	1	34	
		Қазақ тілі	1	34	
		Дене шынықтыру: спорттық ойындар	1	34	
8	8 сынып	Жаһандық құзіреттілік	0,5	17	
		Алгебра	1	34	
		География	1	34	
		Қазақстан тарихы	1	34	
		Дене шынықтыру: спорттық ойындар	1	34	
9	9 сынып	Жаһандық құзіреттілік	1	34	
		Алгебра	1	34	
		Биология	1	34	
		Гоеграфия	1	34	
		Дене шынықтыру: спорттық ойындар	1	34	
ҚР Білім және ғылым министрлігінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына 23 қосымша ҚР Оқу -ағарту министрінің 26.10.2023 жылғы №323 бұйрығына 22-қосымша					
10	10 сынып ЖМБ	Жаһандық құзіреттілік	1	34	
		АӘТД	1	34	
		Гоеграфия	1	34	
		Алгебра және анализ бастамалары	1	34	
		Физика	1	34	
		Дене шынықтыру: спорттық ойындар	1	34	
	10 сынып ҚГБ	Жаһандық құзіреттілік	1	34	
		АӘТД	1	34	
		Қазақ тілі	1	34	
		Информатика	1	34	
		Дене шынықтыру: спорттық ойындар	1	34	

11	11 сынып ЖМБ	Жаһандық құзіреттілік	1	34	
		Химия	1	34	
		Алгебра және анализ бастамалары	1	34	
		Физика	1	34	
		Дене шынықтыру: спорттық ойындар	1	34	
		Қазақстан тарихы	1	34	

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру

2025-2026 оқу жылында денсаулығына байланысты үйде оқыту жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 53,55қосымша,9 қосымша,11 тарау,4 қосымша,1 тарау, Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығына 53 қосымша,2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығына 55 қосымша,9- қосымша, 11-тарауы негізге алынып ұйымдастырылды.

«Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 12 оқушы үйде оқытылды.Атап айтсақ, 1-сыныпта бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен Еркебай Інжу,Өсербай Інжу оқыды

5-сыныпта Абдусали Сағыныш,Мурат Бибарыс, Қыдырәлі Пернехан, 6-сыныпта-Абдусамат Аяулым, 7-сыныпта Оран Жания білім алды.

Зиятының жеңіл бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы оқу бағдарламасымен-3-сыныпта Сейтхан Бакытжан.4-сыныпта-Рахимбек Аяла, 5-сыныпта-Тұрмахан Дәулет білім алды.

Зиятының орташа бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы оқу бағдарламасымен 10-сыныпта Елубасы Диязайт білім алды.

2025-2026 оқу жылында денсаулығына байланысты үйде оқытылатын оқушылардың тізімі

№	Оқушы аты-жөні	Сыныбы	Туған күні,айы, жылы	ЖСН	Диагноз	Оқу бағдарламасы
1	Мұрат Бибарыс	5	26.11.2014ж	141126500465	Психологиялық дамудың тежелуі.Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының 3-деңгейі.Дисграфия.Дислексия	Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы
2	Сейтхан Бақытжан	4	02.11.2015ж	151102500595	Қарым қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің қиындықтары. Зиятының жеңіл бұзылысы.СТЖД І деңгейі	Зиятының жеңіл бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы оқу бағдарламасы бойынша білім беру
3	Оран Жания	7	08.07.2012ж	120708601427	Психологиялық дамудың тежелуі	Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы
4	Дауренбек Нұрдәулет	4	06.09.2015	150906500602	Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы,арнайы жүріп-тұру құралдарының көмегімен қозғалады.Психикалық дамуының екінші кідіргісі.СТЖД-3 деңгей.Сематикалық дислекция	Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы
5	Абдусамат Аяулым	6	14.02.2014ж	140214605923	Психологиялық дамудың тежелуі Мінез-құлқының қиындығы	Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы

6	Абдусали Сағыныш	5	03.11.2015ж	151103504870	Психологиялық дамудың тежелуі Мінез-құлқының қиындығы	Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы
7	Тұрмахан Дәулет	6	28.03.2013ж	130328500082	Тірек-қимыл аппаратының бұзылуы: өздігінен жүріп тұрады. Зиятының орташа бұзылысы. Дизартрияның спастикалық-паретикалық түрі	Зиятының орта бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы оқу бағдарламасы бойынша білім беру
8	Өсербай Інжу	2	06.06.2017ж	170606600909	Психологиялық дамудың тежелуі. Сөйлеу тілінің жалпы дамуының 1-деңгейі	Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы
9	Рахимбек Аяла	5	24.06.2014ж	140624604786	Жеңіл түрдегі зияты бұзылуы.Жалпы сөйлеу тіл дамымауының I деңгейі. Тірек – қимыл аппаратының бұзылуы.	Зиятының жеңіл бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы оқу бағдарламасы бойынша білім беру
10	Елубаси Диязайт Тимурұлы	10	27.11.2009ж	091127552828	Зиятының жеңіл бұзылысы.Мінез- құлық бұзылысы	Зиятының орташа бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы оқу бағдарламасы бойынша білім беру
11	Еркебай Інжу Ерланқызы	2	07.10.2018ж	181007602031	Психикалық дамуының тежелуі Мінез-құлық қиындығы	Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы
12	Пернехан Қыдырәлі	5	27.09.2014	140927500467	Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы,арнайы жүріп-тұру.СТЖД 3 деңгей	Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы

«Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде білім алушылардың жеке мүмкіндіктерінің ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» негізінде жоспарланып, ҚР Білім және ғылым министрлінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіміне №8170 болып тіркелген) денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалардың құжаттары қабылданып, үйде жеке тегін оқытудың оқу жоспарына сәйкес мектеп әкімшілігі бекіткен және ата-аналармен келісілген кесте бойынша жүзеге асырылды.

Денсаулығына байланысты үйде оқытылатын оқушылардың жылдық салыстырмалы көрсеткіші:

№	Оқу жылы	Оқушылар саны:	Жалпы оқу бағдарламасы	Арнайы оқу бағдарламасы	Зиятының жеңіл түрде бұзылыстары	Орташа ақыл- ой кемістігі бар
1	2025-2026 оқу жылы	12	8	-	2	2

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту процесін ұйымдастыру бойынша оқу жоспарлары түзілді және мектеп басшысымен бекітілді.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық қорытындысы /ПМПК/ негізінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға жүктеме сағаттарды пән мұғалімдеріне берілді. Арнайы сабақ кестелері жасалды, мектепішілік бұйрықпен бекітілді. Оқу жоспарына сәйкес пән мұғалімдерінің күнтізбелік–тақырыптық жоспарлары енгізілді.

Сайыстар, олипиадалар

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер(бар болған жағдайда) туралы мәліметтер:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына негізделе отырып, дарынды балаларды мектеп жасынан анықтап, ғылыми жұмыстарға жұмылдыру, оның шығармашылық қабілеті мен танымдық зейінін дамыту, таңдауын саналы түрде жасауға жол салу мақсатын көздеу маңызды екенін дәлелдеген ұжым мына төмендегі жетістіктерге жетіп отыр:

Арыс жалпы білім беретін мектебінде 2024- 2025 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша қатысқан аудандық, облыстық, республикалық олимпиада жеңімпаздары:

№	Оқушының аты-жөні	Сынып	Сайыс, байқау атауы	Жетекшісі
1	Шаман Заманбек	9 «Б»	Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Диплом «Менің шағын отаным» атты республикалық интеллектуалдық конкурсының қалалық кезеңінде «Шағын Отанымның тарихы» номинациясы бойынша жүлделі 3 орын алғаны үшін. 2024 ж	А. Қолдасова
2	Сүндет Исламбек	9 «Ә»	Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Диплом «Менің шағын Отаным» атты республикалық интеллектуалдық конкурсының қалалық кезеңінде «Шағын Отанымның символы» номинациясы бойынша жүлделі 3 орын алғаны үшін. 2024 ж	Ж. Кучкарбекова

Диплом. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 23.12.2024

1	Сүндет Айжамал	5	Математика -3 орын	Рахматла Назерке
2	Жандаулетова Ақниет	6	Орыс тілі мен әдебиеті 2 орын	Ахметова Улсерик
3	Аязхан Алихан	6	Математика 2 орын	Әбілда Дастан
4	Абдез Айша	5	Тарих 1 орын	А. Баккелдиева

5	Асылбекқызы Бибі Фатима	5	Қазақ тілі мен әдебиеті 2 орын	Шултаева Лаура
6	Қаратай Нұрали	5	Ағылшын 2 орын	Байжанова Жазира
7	Маханбет Нұрсезім	6	Ағылшын тілі 2 орын	Құрбанбаева Диана
8	Сейіткарим Медина	5	Орыс тілі мен әдебиеті 2 орын	Г. Имамбердыева
9	Наршабекова Меруерт	6	Қазақ тілі мен әдебиеті 2 орын	Акжигитова П

Диплом. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 12.12.2024

1	Ибраш Арайлым	7	Қазақстан тарихы- 3 орын	А. Қолдасова
2	Женисалиұлы Дінмұхаммед	8	Физика -3 орын	Д. Избасарова
3	Ильяс Адилья	7	Орыс тілі-2 орын	Тоқтар Айбек
4	Женисалиқызы Альбина	7	Ағылшын тілі -3 орын	Ж. Шалгинбаев
5	Қойшыбай Айару	7	Қазақ тілі-3 орын	Ақын Айгүл

Диплом. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 11.12.2024

1	Шаман Заманбек	9	Физика -1 орын	Д. Избасарова
2	Қайрат Заңғар	10	География-1 орын	К. Курманалиева
3	Асан Ақниет	11	География-3 орын	К. Курманалиева
4	Мергенбай Асел	9	Ағылшын -3 орын	А. Досжанова

«Зерде» республикалық конкурсы

1	Қойшыбай Айару	7	Диплом АҚҚБ. 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының «Зерде» республикалық конкурсының қалалық кезеңіне математика секциясы бойынша қатысып, жүлделі 3 орын	Рахматла Назерке
	Оңалбай Жанерке	7	Диплом АҚҚБ. 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының «Зерде» республикалық конкурсының қалалық кезеңіне математика секциясы бойынша қатысып, жүлделі 3 орын	Ж. Кучкарбекова
2	Аширбай Жұлдызай	11	11-сыныптар арасында «XXI ғасыр көшбасшысы» облыстық зияткерлік сайысының қалалық кезеңінде III орын иеленді	К. Курманалиева
3	Наганай Мерей	11	8-11 сынып оқушыларына арналған республикалық	Г. Имамбердыева Ж. Байжанова

			лингвистикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде жүлделі 2 орын иеленгені үшін	

«Алтын сақа» математикалық олимпиадасы

1	Абдыхан Азхамат	4	Қалалық кезеңінде I орын	Құдиярова Базаркүл
2	Анас Айша	3	Қалалық кезеңінде 3 орын	Агадилова Маржан
3	Сансызбай Ислам	3	Қалалық кезеңінде 2 орын	Естаева Арай
4	Аязхан Алихан	6	Қалалық кезеңінде 2 орын	Д. Әбілда

АҚББ «Бастау» XYIII Республикалық математикалық олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып, жан-жақты білімін көрсетіп, жүлделі III орын

1	Олжа Арайлым Еламанқызы	4 «Ә»	Қалалаық III орын	Құдиярова Базаркүл

Диплом. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 3-4 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 07.04.2025

1	Анас Айша	3	Математика 3 орын	Агадилова Маржан
2	Батырбек Инабат	3	Жаратылыстану 3 орын	Донбаева Айнұр
3	Құрманбай Айзере	3	Орыс тілі 3 орын	Ибадуллаева Венера
4	Тату Сезім	4	Қазақ тілі 3 орын	Есенкулова Гүлнар
5	Қожақұл Керемет	4	Әдебиеттік оқу 3 орын	Тузелова Меруерт
6	Бақтыбек Қарақат	4	Ағылшын тілі 3 орын	Әбдіраш Алмагүл
7	Құралбай Раяна	4	Ағылшын тілі 3 орын	Асирова Мирамкүл

5-8 сынып оқушыларына арналған «Pro Eco» республикалық экологиялық жобалар конкурсының қалалық кезеңінің жеңімпаздары

1	Сапарбай Інжу Ибраш Арайлым	7	5-8 сынып оқушыларына арналған «Pro Eco» республикалық экологиялық жобалар конкурсының қалалық кезеңіндегі «Туған өлке табиғаты» бағытында жүлделі III орын иеленді	К. Курманалиева

Абай атындағы «Білім Инновация» лицей-интернаты «Арыс білім олимпиадасының » жеңімпаздары

1	Сүндет Әділбек	6	Жалпы білім беретін мектептерде 6- сынып оқушылары арасында озат оқушыларды анықтау және оларды қолдау мақсатында ұйымдастырылған «Арыс білім олимпиадасында» математика және логика пәндерінен жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі III орын иеленіп, Дипломмен марапатталды	Хайрулла Бибарыс
2	Өтеш Диас	6	Жалпы білім беретін	Хайрулла Бибарыс

			мектептерде 6- сынып оқушылары арасында озат оқушыларды анықтау және оларды қолдау мақсатында ұйымдастырылған «Арыс білім олимпиадасында» математика және логика пәндерінен жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі II орын иеленіп, Дипломмен марапатталды	
3	Жүнісәлі Абдулла	5	Жалпы білім беретін мектептерде 5- сынып оқушылары арасында озат оқушыларды анықтау және оларды қолдау мақсатында ұйымдастырылған «Арыс білім олимпиадасында» математика және логика пәндерінен жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі II орын иеленіп, Дипломмен марапатталды	Рахматла Назерке
4	Сейдулла Заңғар	5	Жалпы білім беретін мектептерде 5- сынып оқушылары арасында озат оқушыларды анықтау және оларды қолдау мақсатында ұйымдастырылған «Арыс білім олимпиадасында» математика және логика пәндерінен жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі II орын иеленіп, Дипломмен марапатталды	Рахматла Назерке

Облыстық, республикалық

1	Нызан Мұхамедәлі	3 «Б»	Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «АДАЛ АДАМ -АДАЛ ЕҢБЕК - АДАЛ ТАБЫС» атты бағдарламалық мақаласындағы ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткізілген «РЕСПУБЛИКА ДАРЫНЫ» атты республикалық байқауына қатысып, жеңімпаз атанғаны үшін I дәрежелі	Г. Алимбаева Н. Адахам

	Дәуім Айжұлдыз Жандосқызы	3 «Б»	Дипломмен марапатталады 2024 жыл Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын білім беру саласының мамандары мен білім алушылардың арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткізілген «ҚР 100 үздік дарынды оқушысы» атты республикалық байқауына қатысып, жеңімпаз атанғаны үшін I дәрежелі дипломмен марапатталды	П. Акжигитова
			Облыстық пән олипиада жеңімпазы	
1	Қайрат Заңғар	10	Түркістан облысы білім басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» КММ II дәрежелі Диплом 2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің жүлдегері Арыс қаласы, «Арыс» жалпы білім беретін мектебінің 10 сынып оқушысы марапатталды	К. Курманалиева
2	Абдыхан Азамат	4	3-4 сынып оқушыларына арналған «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының облыстық кезеңінің жүлдегері 4 сынып оқушысы III дәрежелі диплом марапатталды. География пәні	Құдиярова Базаркүл
3	Абдез Айша	5	Түркістан облысы білім басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» КММ III дәрежелі Диплом 2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің жүлдегері Арыс қаласы, «Арыс» жалпы білім беретін мектебінің 5 сынып оқушысы марапатталды. Қазақстан тарихы пәні	Баккелдиева Айгүл

Психологиялық қызмет жұмыстары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы №68 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына енгізілген өзгерістер негізінде мектептегі психологиялық қызметтің жылдық жоспары құрылды. Сонымен қатар, маманның лауазымдық міндеттері мен іс номенклатурасы бекітіліп, құжаттар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 наурызда №32110 болып тіркелді.

Мектептегі психологиялық қызмет төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Диагностикалық бағыт – білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, психологиялық-педагогикалық даму деңгейін оқу кезеңі барысында зерттеу және талдау жұмыстарын жүргізу.

Консультациялық бағыт – білім беру үдерісіне қатысушыларға, яғни оқушыларға, ата-аналарға және педагогтерге психологиялық көмек пен қолдау көрсету.

Дамытушылық-түзету бағыты – білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру, жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге ынталандыру, жеке қабілеттерін дамыту мақсатында топтық және жеке жұмыстар ұйымдастыру.

Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты – оқушылардың, ата-аналардың және педагогтердің психологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету. Осы бағытта сынып сағаттары, семинарлар, тренингтер, ата-аналар жиналыстары, педагогикалық кеңестер мен түрлі интерактивті іс-шаралар өткізіледі.

Ұйымдастыру-әдістемелік бағыт – психологиялық қызмет жұмысына талдау және мониторинг жүргізу, әдістемелік және көрнекі материалдар дайындау, білім алушыларды сүйемелдеу бойынша пәнаралық жұмыстарды ұйымдастыру.

Мектептегі психологиялық қызметпен 0–11 сынып білім алушылары толық қамтылған. Жұмыстар оқушылардың қажеттілігі мен жас ерекшеліктеріне сәйкес жеке және топтық түрде өткізіледі. Әрбір психологиялық жұмыс хаттамаланып, есепке алу журналына тіркеліп отырады.

1–4 сыныптар бойынша жүргізілген диагностикалық жұмыстардың қорытындысы

Бастауыш сынып оқушылары арасында оқушылардың мектепке дайындығы мен оқуға зейінділігін анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Зерттеу барысында оқушылардың танымдық белсенділігі, зейіні, оқу әрекетіне бейімделуі және психологиялық дайындығы сараланды.

1-сынып диагностикасы

Мақсаты: Оқушылардың мектепке дайындығын анықтау
Әдістеме: Керн-Йерасек тесті
Қатысқан оқушылар саны: 63

Нәтижесі бойынша:

- Жоғары көрсеткіш – 35%
- Орта көрсеткіш – 47%

- Төмен көрсеткіш – 18%

Қорытындысында, 1-сынып оқушыларының басым бөлігінің мектепке психологиялық және танымдық дайындығы орта және жоғары деңгейде екендігі анықталды. Оқушылардың көпшілігі оқу әрекетіне бейімделген. Төмен деңгей көрсеткен оқушылармен қосымша дамыту жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

2-сынып диагностикасы

Мақсаты: Оқушылардың мектепке дайындығын анықтау
Әдістеме: Керн-Йерасек тесті
Қатысқан оқушылар саны: 67
Нәтижесі бойынша:

- Жоғары көрсеткіш – 31%
- Орта көрсеткіш – 48%
- Төмен көрсеткіш – 21%

Диагностика нәтижесі оқушылардың басым бөлігінде оқу дағдыларының қалыптасқанын көрсетті. Орта деңгейдегі оқушылар саны жоғары болғандықтан, оқу мотивациясын арттыру және танымдық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажет.

3-сынып диагностикасы

Мақсаты: Оқушылардың оқуға зейінділігін анықтау
Қатысқан оқушылар саны: 68
Нәтижесі бойынша:

- Жоғары көрсеткіш – 31%
- Орта көрсеткіш – 34%
- Төмен көрсеткіш – 36%

Зерттеу нәтижесінде кейбір оқушылардың зейін тұрақтылығы мен оқу барысындағы шоғырлану деңгейінің төмен екендігі байқалды. Бұл оқушылармен жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді.

4-сынып диагностикасы

Мақсаты: Оқушылардың оқуға зейінділігін анықтау
Қатысқан оқушылар саны: 74
Нәтижесі бойынша:

- Жоғары көрсеткіш – 36%
- Орта көрсеткіш – 37%
- Төмен көрсеткіш – 27%

4-сынып оқушылары арасында жоғары және орта деңгей көрсеткіштері басым болды. Оқушылардың көпшілігі оқу тапсырмаларын орындауда зейінділік пен жауапкершілік танытатыны анықталды. Дегенмен, төмен көрсеткіш көрсеткен оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

Жалпы қорытынды

Жүргізілген диагностикалық жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының басым бөлігінде оқу әрекетіне бейімделу мен зейінділік деңгейінің қанағаттанарлық екенін көрсетті. Сонымен қатар, төмен көрсеткіш анықталған оқушылармен түзету-дамыту, психологиялық қолдау және танымдық қабілеттерін жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізу қажет екендігі анықталды.

5-11 сынып аралығында «Оқушылардың оқуға бейімділігін анықтау сауалнамасы»жүргізілді

Мақсаты:оқушылардың мектептегі оқу процесіне қызығушылығын, оқу мотивациясын және оқуға бейімделу деңгейін анықтау.

Қатысқан оқушылар саны: 425

Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардың басым бөлігінде мектепке және білім алуға деген оң көзқарас қалыптасқаны байқалды. Көптеген оқушылар сабаққа тұрақты қатысып, өз білімдерін жетілдіруге қызығушылық танытатыны анықталды. Сонымен қатар, оқушылардың едәуір бөлігі мұғалімдермен және сыныптастарымен жақсы қарым-қатынас орнатқан, мектеп өміріне белсенді араласатыны байқалды.

Нәтижелерге сәйкес, кейбір оқушыларда оқу мотивациясының төмендеуі, жүктеменің көптігіне байланысты шаршау, белгілі бір пәндерге қызығушылықтың аз болуы секілді мәселелер кездесетіні анықталды. Бұл оқушылармен қосымша психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді.

Жалпы қорытынды бойынша, 5–11 сынып оқушыларының мектепке оқуға бейімділік деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды. Алдағы уақытта оқушылардың оқу мотивациясын арттыру, эмоционалдық қолдау көрсету және бейімделу деңгейін нығайту мақсатында түрлі тәрбиелік, психологиялық және танымдық жұмыстарды жалғастыру ұсынылады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы өз-өзіне қол жұмсау жағдайының алдын алу іс-шара жоспарына сәйкес 8–11 сынып оқушылары арасында «Менің ішкі әлемім» тақырыбында сауалнама жүргізілді.

Мақсаты:

Өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, оқушыларды бақытты өмір сүруге психологиялық тұрғыдан дайындау, жеке қасиеттерін тануға тәрбиелеу, дұрыс қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және жағымды «Мен» концепциясын дамыту.

Сауалнама барысында оқушылардың эмоционалдық жағдайы, өзін-өзі бағалауы, өмірге деген көзқарасы, қоршаған ортамен қарым-қатынасы және психологиялық көңіл-күй ерекшеліктері зерттелді. Нәтижесінде оқушылардың басым бөлігінің өмірге деген көзқарасы оң екендігі, өз болашағына сеніммен қарайтыны және айналасындағы адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға ұмтылатыны байқалды.

Көптеген оқушылар өздерінің қызығушылықтарын, қабілеттерін және жеке ерекшеліктерін дұрыс бағалай алатынын көрсетті. Сонымен қатар, оқушылар арасында эмоционалдық қолдауды қажет ететін, өз ойын ашық жеткізуде қиындық көретін немесе мазасыздық белгілері байқалатын жағдайлар да анықталды.

Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылармен психологиялық қолдау жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру, сенімді қарым-қатынас орнату, өмірлік құндылықтарды насихаттау, күйзеліске төзімділікті арттыру және жағымды

эмоционалдық орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттілігі анықталды.
Жалпы алғанда, жүргізілген сауалнама оқушылардың басым бөлігінде жағымды «Мен» концепциясының қалыптасқанын және өмірге деген қызығушылықтарының бар екенін көрсетті.

Кәмелетке толмағандар арасындағы өз-өзіне қол жұмсау жағдайының алдын алу іс-шара жоспарына сәйкес 8 «В» сынып оқушыларымен «Өз құндылығыңды таны» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты:
Оқушылардың өзін-өзі бағалауын дамыту, жеке тұлғалық қасиеттерін тануға көмектесу, өз құндылығын сезінуге және қабылдауға бағыттау.
Тренинг барысында оқушылар өзін-өзі тануға, өз бойындағы жағымды қасиеттерді анықтауға және ішкі жан дүниесін түсінуге арналған түрлі психологиялық жаттығулар мен сергіту тапсырмаларын орындады. Оқушылар өз пікірлерін ашық айтып, бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға белсенді қатысты.
Іс-шара нәтижесінде оқушылардың өзіне деген сенімділігінің артуы, өзін тұлға ретінде бағалай білуі және өз мүмкіндіктеріне оң көзқарас қалыптастыруы байқалды. Сонымен қатар, тренинг барысында сынып ішінде жағымды психологиялық ахуал орнап, оқушылардың бір-біріне деген құрметі мен қолдау көрсету дағдылары нығая түсті.
Кейбір оқушылар өз эмоцияларын ашық білдіруде бастапқыда қиындық танытқанымен, тренинг соңында еркін қатысып, белсенділік көрсетті. Бұл жұмыстардың оқушылардың эмоционалдық тұрақтылығын арттыруда және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыруда маңызы зор екендігі анықталды.
Жалпы қорытынды бойынша, тренинг өз мақсатына жетті. Оқушылар өз құндылығын сезінуге, өзін құрметтеуге және өмірге оң көзқараспен қарауға бағыт алды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы өз-өзіне қол жұмсау жағдайының алдын алу іс-шара жоспарына сәйкес 9-сынып оқушыларының ата-аналарына «Өз балаңның эмоционалдық әлемін түсін» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты:
Ата-аналарға балаларының эмоционалдық қажеттіліктерін түсінуге көмектесу, эмоционалдық интеллектіні дамыту жолдарын көрсету, ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту.
Тренинг барысында ата-аналар жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері, олардың эмоциялық күйін түсіну, қолдау көрсету және тиімді қарым-қатынас орнату жолдары туралы ақпарат алды. Сонымен қатар, түрлі психологиялық жаттығулар мен пікір алмасу арқылы ата-аналар бала тәрбиесіндегі эмоционалдық қолдаудың маңыздылығын түсінді.
Іс-шара барысында ата-аналар балалардың ішкі жан дүниесіне назар аудару, олардың сезімдерін тыңдау және ашық сөйлесу қажеттігін атап өтті. Көптеген ата-аналар тренингтен өз баласымен қарым-қатынасты жақсартуға көмектесетін пайдалы мәліметтер алғандарын білдірді.
Тренинг нәтижесінде ата-аналардың балаға деген түсіністігі артып, сенімді қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы жөнінде көзқарастары қалыптасты. Сонымен қатар, эмоционалдық қолдау көрсету арқылы баланың психологиялық тұрақтылығын нығайтуға болатыны түсіндірілді.

Жалпы қорытынды бойынша, тренинг өз мақсатына жетіп, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі психологиялық қолдау мен эмоционалдық жақындықтың рөлін терең түсінуіне мүмкіндік берді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы өз-өзіне қол жұмсау жағдайының алдын алу іс-шара жоспарына сәйкес 2–4 сынып оқушыларымен «Менің эмоциям – менің күшім» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты:

Балаларға эмоция ұғымын түсіндіру, өз эмоцияларын тануға және атауға үйрету, эмоцияларды дұрыс басқару жолдарын көрсету және эмпатия сезімін дамыту.

Тренинг барысында оқушылар көңіл-күйді анықтауға, жағымды және жағымсыз эмоцияларды ажыратуға арналған психологиялық жаттығулар мен ойындарға белсенді қатысты. Балалар өз сезімдерін ашық айтып, түрлі жағдайларда эмоцияны дұрыс жеткізу және басқару тәсілдерімен танысты.

Іс-шара барысында оқушылардың бір-бірін тыңдау, түсіну және қолдау көрсету дағдылары дамыды. Сонымен қатар, балалар арасында достық қарым-қатынас пен жағымды психологиялық ахуал қалыптасты. Көптеген оқушылар өз көңіл-күйлерін еркін білдіріп, эмоцияны басқарудың маңыздылығын түсінгендерін көрсетті.

Тренинг нәтижесінде оқушылардың эмоционалдық сауаттылығы артып, өз сезімдерін дұрыс тану мен білдіру қабілеттері нығая түсті. Эмпатия сезімін дамытуға бағытталған тапсырмалар арқылы балалардың өзгелерге жанашырлықпен қарау, көмек көрсету және түсіністік таныту дағдылары қалыптасты.

Жалпы қорытынды бойынша, тренинг өз мақсатына жетіп, оқушылардың эмоционалдық тұрақтылығын дамытуға, өз сезімдерін басқаруға және жағымды қарым-қатынас орнатуына оң әсерін тигізді.

«Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбындағы қыздар жиналысының қорытындысы

8–11 сынып қыздары арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізіліп, қыздар жиналысы өткізілді.

Мақсаты:

Жасөспірім қыздарға ерте жүктіліктің денсаулыққа, психологиялық жағдайға және болашақ өміріне тигізетін зияны мен қауіптілігі туралы ақпарат беру, жауапкершілік сезімін қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттау.

Іс-шара барысында оқушыларға ерте жүктіліктің салдары туралы бейнеролик көрсетіліп, түсіндірме әңгімелер жүргізілді. Сонымен қатар, қыз балаларға жеке бас гигиенасы, денсаулықты сақтау, қауіпсіз мінез-құлық және болашаққа саналы көзқарас қалыптастыру жөнінде ақпарат берілді.

Жиналыс барысында оқушылар белсенділік танытып, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Анонимді сауалнама нәтижесінде оқушылардың басым бөлігінің ерте жүктіліктің қауіптілігі туралы түсініктері бар екендігі және денсаулыққа жауапкершілікпен қарау қажеттігін түсінетіндігі анықталды. Сонымен қатар, кейбір оқушыларға қосымша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігі байқалды.

Жалпы қорытынды бойынша, өткізілген жиналыс жасөспірім қыздардың денсаулыққа деген жауапкершілігін арттыруға, ерте жүктіліктің алдын алу туралы білімдерін толықтыруға және дұрыс өмірлік ұстаным қалыптастыруға оң әсерін

тигізді.

"Буллингтің алдын алу"іс -жоспарына сәйкес 7 "б" сынып оқушыларымен "Буллингтің әртүрлі түрлерін (физикалық,психологиялық,әлеуметтік,кибербуллинг)ажырату тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты:Оқушыларға буллинг ұғымын түсіндіру.

Қорытынды:

Тренинг барысында оқушылар буллинг ұғымымен танысып, оның физикалық, психологиялық, әлеуметтік және кибербуллинг түрлерін ажырата білді. Оқушылар буллингтің адамға тигізетін зияны туралы өз ойларын айтып, жағымсыз әрекеттердің алдын алу жолдарын талқылады. Тренинг кезінде белсенділік танытып, топтық жұмыстар мен пікір алмасуға қатысты. Нәтижесінде оқушылар бір-біріне құрметпен қарау, қолдау көрсету және қиын жағдайда ересектерден көмек сұрау қажеттігін түсінді. Іс-шара өз мақсатына жетті.

"Буллингтің алдын алу"іс -жоспарына сәйкес 7 сынып ата-аналарына "Буллинг дегеніміз не және одан баланы қалай қорғаймыз?"тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты:Ата-аналарды баланы қолдауға,қорғауға және алдын алу шараларын жасауға үйрету.

Қорытынды:

Тренинг барысында ата-аналар буллинг ұғымы, оның түрлері және бала психологиясына тигізетін әсері туралы толық ақпарат алды. Ата-аналарға буллингтің алдын алу жолдары, баламен сенімді қарым-қатынас орнату, эмоционалдық қолдау көрсету және қиын жағдайларда дұрыс әрекет ету тәсілдері түсіндірілді. Кездесу барысында ата-аналар өз пікірлерімен бөлісіп, тәжірибе алмасты. Нәтижесінде ата-аналардың бала қауіпсіздігіне деген жауапкершілігі артып, буллингтің алдын алуда отбасы мен мектептің бірлескен жұмысының маңыздылығын түсінді. Тренинг мақсатына жетті.

«Бейімделу кезеңінде бесінші сынып оқушыларының мазасыздығын анықтау»О.Н. Хмельницкая әдістемесі (5-сынып, 68 оқушы)

Мақсаты: Орта буынға көшу кезеңіндегі оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау.

Нәтижесі:

- Орташа деңгей – 8**2%**
- Жоғары деңгей – 1**8%**

Қорытынды:

Зерттеу нәтижелері бесінші сынып оқушыларының көпшілігі бейімделу кезеңін салыстырмалы түрде тұрақты өткеріп жатқанын көрсетті. Дегенмен, жоғары мазасыздық деңгейі анықталған оқушылармен психологиялық қолдау және бейімдеу жұмыстары ұйымдастырылды.

«Үмітсіздік шкаласы»А.Т. Бек әдістемесі (8–11 сынып, 239 оқушы)

Мақсаты: Аутодеструктивті мінез-құлық қаупін анықтау.

Нәтижесі:

- Орташа көрсеткіш – **81%**
- Жоғары қауіп тобы – **19%**

Қорытынды:
Оқушылардың басым бөлігінде эмоционалдық жағдайы тұрақты екені байқалды. Сонымен қатар, жоғары көрсеткіш анықталған оқушылар тәуекел тобына алынып, олармен жеке және топтық психопрофилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

«Бақытты балалық шақ» тренингі
(1–4 сынып оқушылары, 265 бала)
Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының эмоционалдық әл-ауқатын арттыру.
Қорытынды:
Тренинг нәтижесінде оқушылардың **87%-ы** өз эмоцияларын еркін жеткізе алатынын көрсетті. Балалардың мектепке деген жағымды қатынасы күшейіп, қарым-қатынас дағдыларының жақсарғаны байқалды. Тренинг жұмысы тиімді деп бағаланды.

«ҰБТ-ға арналған мотивация» тренингі
(11 «А» сыныбы, 19 оқушы)
Мақсаты: ҰБТ кезеңіндегі психологиялық дайындық пен оқу мотивациясын арттыру.
Қорытынды:Тренингтен кейін оқушылардың **75%-ында** оқу мотивациясының артқаны, ал **25%-ында** эмоционалдық тұрақтылықты нығайту қажеттілігі анықталды. Жалпы алғанда, тренинг оқушылардың өзіне деген сенімділігін қалыптастыруда оң нәтиже көрсетті.

«Ерте жастағы жүктіліктің салдары» тақырыбындағы профилактикалық жұмыс(8–11 сынып қыздары)
Мақсаты: Жасөспірім қыздардың жауапкершілік деңгейін арттыру, саналы шешім қабылдауға бағыттау.

Қорытынды:
Сабақ нәтижесінде қатысушылардың **80%-ы** тақырыптың маңыздылығын түсінгенін көрсетті. Қыз балалардың болашаққа қатысты жауапты көзқарасы қалыптасып, өз денсаулығына саналы қарым-қатынас байқалды.
«Кішкентай адамдармен ағаш» проективті әдістемесі(1–4 сынып, 265 оқушы)
Мақсаты: Девиантты мінез-құлық белгілерін ерте кезеңде анықтау.
Нәтижесі:
- Эмоционалдық жағдайы тұрақты – **85%**
- Қосымша психологиялық қолдауды қажет ететіндер – **15%**

Қорытынды:
Зерттеу нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының көпшілігінде эмоционалдық ахуалдың қолайлы екенін көрсетті. Ерекше назарды қажет ететін оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары жоспарланды.

Девиантты мінез-құлқы бар оқушыларды анықтау және алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытындысы
Д.Олвеустің «Буллинг» сауалнамасы
Қатысушылар: 5–11 сынып оқушылары
Оқушылар саны: 443
Мақсаты:
Оқушылар арасындағы буллингтің (қорлау, мазақтау, қысым көрсету) таралу

деңгейін анықтау, буллингке қатысушыларды (құрбан, агрессор, бақылаушы) айқындау, девиантты мінез-құлықтың алдын алу үшін тәуекел топтарын белгілеу.

Қорытындысы:

Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылар арасында буллинг жағдайларының бар екендігі анықталды. Кейбір оқушылар өзін қорланған немесе шеттетілген сезінетінін көрсетті, ал бір бөлігі агрессивті мінез-құлыққа бейім екені байқалды. Бұл көрсеткіштер оқушылардың психоэмоциялық жай-күйіне кері әсер етуі мүмкін. Анықталған тәуекел топтарымен психологиялық қолдау және профилактикалық жұмыстар жүргізу қажеттілігі айқындалды.

Өшпенділік шкаласын диагностикалау (У. Кук, Д. Медли)

Қатысушылар: 10–11 сынып оқушылары

Оқушылар саны: 56

Мақсаты:

Жоғары сынып оқушыларының агрессия, ашу, өшпенділік деңгейін анықтау, девиантты мінез-құлыққа бейімділікті диагностикалау.

Қорытындысы:

Диагностика нәтижесінде кейбір оқушыларда өшпенділік пен ішкі кернеудің орташа және жоғары деңгейі байқалды. Бұл жағдайлар тұлғааралық қарым-қатынаста қиындықтар туғызуы мүмкін. Нәтижелер негізінде психологиялық түзету, эмоционалдық реттеу және коммуникативтік дағдыларды дамыту бағытындағы жұмыстарды күшейту ұсынылады.

«Саған қалай қарайды?» экспресс сауалнамасы

Қатысушылар: 10–11 сынып оқушылары

Оқушылар саны: 56

Мақсаты:

Оқушылардың өз ортасында өзін қабылдау деңгейін, сыныптағы психологиялық ахуалды және әлеуметтік қолдауды сезінуін анықтау.

Қорытындысы:

Сауалнама нәтижелері оқушылардың басым бөлігінің сыныптастарымен қарым-қатынасы қанағаттанарлық екенін көрсетті. Дегенмен, жекелеген оқушыларда өзіне деген теріс көзқарас пен оқшаулану белгілері байқалды. Бұл оқушыларды психологиялық сүйемелдеу қажеттілігі анықталды.

Буллинг құрбандарымен жүргізілген психоэмоциялық қалпына келтіру және шекараларды нығайту жұмысы

Қатысушылар:1–11 сынып оқушылары

Оқушылар саны: 686

Мақсаты:

Буллингке ұшыраған оқушылардың психоэмоциялық жағдайын қалпына келтіру, өзін-өзі бағалауын арттыру, жеке шекараларын қорғау дағдыларын қалыптастыру және қауіпсіз мінез-құлықты дамыту.

Қорытындысы:

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың эмоционалдық жағдайы тұрақталып, өзіне деген сенімділігі артқаны байқалды. Оқушылар жеке шекараларын түсініп, өз құқықтарын қорғау жолдарын меңгере бастады. Сонымен қатар, сыныптардағы психологиялық ахуалдың жақсарғаны және буллинг жағдайларының алдын алу мүмкіндігі артқаны анықталды.

«Бес терек» жобасы аясындағы «Үй, адам, ағаш» әдістемесінің қорытындысы

«Бес терек» жобасы аясында 5–11 сынып оқушылары арасында психологиялық диагностика жүргізілді.
Мақсаты: оқушылардың эмоциялық күйін, ішкі алаңдаушылығы мен үрей деңгейін, өзін-өзі қабылдауын және қоршаған ортамен қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтау.
Қорытынды:Диагностика нәтижесінде оқушылардың басым бөлігінде эмоциялық жағдайдың тұрақты екендігі байқалды. Көптеген оқушылар суреттерді сенімді, толық және үйлесімді түрде бейнелеген, бұл олардың психологиялық ахуалының қалыпты деңгейде екенін көрсетті.Сонымен қатар, кейбір оқушылардың жұмыстарында мазасыздық, сенімсіздік, ішкі уайым және эмоциялық шиеленіс белгілері кездесті. Атап айтқанда:
суреттердің өте кішкентай салынуы;
сызықтардың әлсіз немесе үзік болуы;
қара түсті жиі қолдану;
адам бейнесіндегі қорғаныш белгілерінің басым болуы;
ағаш пен үй бөлшектерінің толық салынбауы байқалды.
Бұл ерекшеліктер жекелеген оқушыларда қобалжу, өзіне сенімсіздік немесе эмоционалдық қолдауға қажеттіліктің бар екенін көрсетті.

Ұсыныстар:

Эмоциялық қолдау мен сенімді қарым-қатынас қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру;
Мазасыздық деңгейі жоғары оқушылармен жеке психологиялық түзету жұмыстарын жүргізу;
Сынып сағаттары мен тренингтер арқылы жағымды психологиялық ахуалды нығайту;
Ата-аналармен бірлескен профилактикалық жұмыстар ұйымдастыру ұсынылады.
Жалпы алғанда, зерттеу нәтижесі бойынша оқушылардың көпшілігінің психоэмоциялық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде екені анықталды.

“Қауіпсіз орта-ортақ жауапкершілік”тренинг

Қатысушылар:7 “б”сынып оқушылары
Мақсаты:Қауіпсіз жағдайларды ажырату.Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын бекіту.Бір-біріне құрмет пен қолдау қалыптастыру.Жауапкершілікті бірге сезіну
Тренинг барысында оқушылар түрлі ситуациялық тапсырмалар, топтық жұмыстар және пікір алмасу арқылы қауіпсіз орта ұғымын тереңірек түсінді. Қатысушылар өз ойларын еркін жеткізіп, күнделікті өмірде кездесетін қауіпсіздік ережелері туралы белсенді талқылау жүргізді. Жұмыс барысында оқушылар:

- қауіпсіз және қауіпті әрекеттерді ажыратуды;
- өз қауіпсіздігі мен өзгенің қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауды;
- қиын жағдайда дұрыс шешім қабылдауды;
- бір-біріне қолдау көрсетіп, құрметпен қарым-қатынас жасауды меңгерді.

Тренинг оқушылардың қызығушылығын арттырып, жағымды психологиялық ахуалда өтті. Қатысушылар белсенділік танытып, тапсырмаларды ынтамен орындады.

Сезім мен көңіл-күй сауалнамасы

Мақсаты:5–6 сынып оқушыларының эмоционалдық жағдайын анықтау, көңіл-күй

тұрақтылығын бағалау және аутодеструктивті мінез-құлық белгілеріне бейім оқушыларды ерте кезеңде айқындау.
Нәтижесі:
Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың 85% эмоционалдық жағдайы қалыпты екені анықталды. Сонымен қатар, 15% оқушыларда мазасыздық, көңіл-күйдің төмендігі және ішкі күйзеліс белгілері байқалып, олар психологиялық қолдауды қажет ететін жеке кеңеске ұсынылды.



"Тұлғаның психикалық жағдайын өзін-өзі бағалауы"Г.Айзенк әдістемесі
Мақсаты:7–11 сынып оқушыларының психикалық жағдайын өзін-өзі бағалау деңгейі арқылы анықтау және аутодеструктивті мінез-құлыққа бейімділікті айқындау.
Зерттеу қорытындысы бойынша:
Төмен деңгей – 12%
Орташа деңгей – 48%
Жоғары деңгей – 55%
Төмен деңгей көрсеткен оқушыларда эмоционалдық тұрақсыздық пен өзін-өзі төмен бағалау белгілері байқалып, олар «тәуекел тобына» енгізілді.





Түзету-дамыту Қауіпсіз эмоционалды экспрессия тәсілдерін дағдыландыру

5-11 сынып оқушылары
Мақсаты:
Оқушыларды эмоцияларын қауіпсіз және дұрыс түрде білдіруге үйрету, жағымсыз сезімдерді (ашу, реніш, мазасыздық) зиянсыз жолмен шығару дағдыларын қалыптастыру және эмоционалдық өзін-өзі реттеу қабілетін дамыту.
Нәтижесі:
Түзету-дамыту жұмыстары нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі бағалауы қалыпқа келді және нығайды, жағымды ішкі диалог қалыптасты.
70% өзін сенімді сезініп, өзін-өзі қолдай білетін деңгейге жетті.
15% қосымша психологиялық қолдауды қажет етті.
Барлық қатысушыларда эмоционалдық тұрақтылық пен өз сезімдерін қауіпсіз білдіру дағдылары жақсарды.




“Қыз қандай болу керек?”дөңгелек үстел

Мақсаты: 8-11 сынып қыздарының бойына адамгершілік, әдептілік, өзін-өзі құрметтеу, жауапкершілік құндылықтарды қалыптастыру; қазіргі қоғамдағы қыз баланың рөлі мен тұлғалық қасиеттері туралы дұрыс түсінік беру



"Жасөспірімдердің әл-ауқатының шкаласы"

Қатысқандар:5-11 сынып оқушылары
Мақсаты:Жасөспірімдердің психикалық, эмоционалдық және әлеуметтік әл-ауқатын

бағалау арқылы аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушыларды ерте кезеңде анықтау және психологиялық қолдау қажеттілігін белгілеу.
Сауалнама қорытындысы бойынша:
Жоғары деңгей 65% эмоционалдық және әлеуметтік әл-ауқаты қалыпты деңгейде.
Орташа деңгей әл-ауқат көрсеткен оқушылар 25% психологиялық қолдауды қажет етеді.
Төмен әл-ауқат деңгейі бар оқушылар 10% «Тәуекел тобына» енгізілді, оларда мазасыздық, өзін-өзі төмен бағалау және эмоционалдық тұрақсыздық белгілері байқалды.
Нәтижелер негізінде оқушыларға алдын алу және психологиялық түзету жұмыстары жоспарланды.





"Өміршеңдікті диагностикалау"әдістемесі

Мақсаты: 7-9 сынып оқушыларының өміршеңдік деңгейін, психологиялық тұрақтылығын және қиын жағдайларда өзін-өзі ұстай білу қабілетін бағалау арқылы аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушыларды ерте кезеңде анықтау және психологиялық қолдауды белгілеу.
Зерттеу қорытындысы бойынша:
Жоғары өміршеңдік көрсеткен оқушылар 65% өміршеңдік деңгейі жоғары, қиындықтарға төзімді.
Орташа өміршеңдік көрсеткен оқушылар 35% кейде эмоционалдық күйзеліс пен өз-өзіне сенімсіздік белгілерін көрсетті.





«Қызға қырық үйден тыйым салу»дөңгелек үстел

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы;
11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру туралы бұйрығы
12. Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық. Алматы 2023
13. Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы.

14. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

15. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы
№ 56 бұйрығы

Арыс жалпы орта білім беретін мектебінде **Ұлттық құндылықтар:** ***ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздердіқадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениеттідәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу жәнежауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;

- Жеке және командаменжұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануғақұштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтынұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынасорната білу;
- Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

Жан мен тән тазалығын сақтайды;
Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2024-2025 оқу жылдарында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының көрсетілген мерейтойлық күнтізбелік бойынша аталып өтілетін мерейтойлық даталар мен мерейтойлар ескеріліп жоспарларға енгізілді. Жылдық жоспарға сәйкес мерекелік, атаулы даталар жылдық жоспарда көрсетілген: Білім күні; Денсаулық күні; Тілдер мерекесі; Қарттар күні; Ұстаздар мерекесі; 1- желтоқсан Дүниежүзілік ЖҚТБ/АИТВ-ге қарсы күрес күні 1 желтоқсан-Тұңғыш Президент күні; 16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні; 1 наурыз-Алғыс айту күні 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні; 22 наурыз-Наурыз мерекесі; 7 мамыр-ҚР Қарулы күштер күні; 9 мамырЖеңіс күні; 23 мамыр- «Мектебім саған мың алғыс!».

Арыс жалпы орта білім беретін мектебінің ұжымы тәрбие жұмысы бойынша төменгі мекемелерімен тығыз байланыста жұмыс атқаруда, бірлескен іс- шаралар өткізілуде: -"Жастар ресурс орталығы"; -"Спорттық мектептер"; -" Кітапханалар", - "Мұражай" мен"Музейлер" -"СӨС қалыптастыру орталығы"; -"Әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу орталығы";

2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысына байланысты педагогикалық және директор жанындағы кеңестерде төменгі мәселелер қарастырылды:

1. «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес» құрамы мен ішкі мектеп тәртібінің орындалуы;
2. Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау жұмыстарының жағдайы;
3. Арыс жалпы орта білім беретін мектебі құқықбұзушылықтардың алдын алу кеңесінің құрамын бекіту туралы;
4. Жалпы құқықтық білім беру;
5. Оқушылардың сабаққа қатысу;
6. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шараларының жүргізілуі;
7. Оқу – тәрбие үрдісіндегі сынып жетекшінің міндеттері туралы;
8. «1-қыркүйек Білім күнін ұйымдастыру және өткізу туралы»;
9. Оқу жылының аяқталуына байланысты «Соңғы қоңырау» мерекесін өткізу туралы;

10. Мектептегі үйірме жұмысы барысы;

✅ «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 1 қыркүйек күні 1, 11 сынып оқушылары үшін «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында салтанатты шара форматында өткізіледі. Салтанатты шараның мақсаты - жаңа оқу жылының салтанатты ашылуын ұйымдастыру және білім алушылардың білім алуға ұмтылысын, патриотизм, еңбекқорлық, жауапкершілік пен өзара сыйластық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін мерекелік және шабыттандыратын атмосфера құру.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/KZdoTp5WuxiDN6ck/

✅«Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 1 қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында Арыс АПБ-мен бірлескен іс-шара жоспарына сәйкес мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге "Полиция және балалар" қауіпсіздіктің негізгі ережелері сабағы ұйымдастырылды.

Сілтемесі: : https://www.facebook.com/share/p/bK361XJDLgQ5Z4a1/

✅ «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 1 қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндермен білім күніне орай «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында бейнероликтер әзірленді.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/42VhMdg2P7j62pij/

✅ «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 2 қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында Білім күніне орай 1-11 сынып оқушыларына «Менің Отаным-Қазақстан!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/krZdDPE4xnWXJ7sW/

✅ "Арыс жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024-2025 жылы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен Арыс ІІБ-нің қызметкерлерінің қатысуымен құқықбұзушылықтың алдын алу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында "Құқық бұзушылықтың алдын алу" тақырыбында 11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары өткізілді.

Сілтемесі: : https://www.facebook.com/share/p/iXz9jD2wvWAejk8S/

✅ "Арыс жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 5 қыркүйек күні ҚР-ның Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31қазандағы №598 бұйрығы негізінде Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу мақсатында арнайы брокеражды комиссия асхана қызметін бақылап,тексеріс жүргізді.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/QzAqwALX1DnAwXdR/»

✅ «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 5 қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында "Үлгілі сынып", "Үлгілі оқушы" челленджі ұйымдастырылды.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/v/EZhYPBgHcL6c6DKA/

✅ "Арыс жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде тазалық жұмыстары жалғасуда. Президентіміз Қасымжомарт Кемелұлының бастамасымен "Таза Қазақстан" экологиялық акциясы аясында 2024 жылдың 06 қыркүйек күні мектеп ауласы және мектептің сыртқы аумағында тазалық жұмыстары жүргізілді."Таза Қазақстан" акциясы аясындағы іс-шаралар тұрақты түрде өз жалғасын табуда.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/ZegrDUxHPzrTEy67/

✅ "Арыс жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 09 қыркүйек күні жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, оқушылар арасында сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын - алу, сонымен қатар оқушы бойына мәдениет пен парасаттылық, әдептілік пен адалдық құндылықтарын арттыру мақсатында 1-11 сынып оқушыларымен сынып жетекшілері бірыңғай «Адалдық сағаттарын» өткізді. Адалдық сағатына 620 оқушы қатысты.
Сілтемесі: : https://www.facebook.com/share/p/DKK6uQ4Zv555zwfy/
✅ «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 5 қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында Арыс ауданының ТЖБ-мен бірлескен іс-шара жоспарына сәйкес кешенді оқу-жаттығуы өткізілді.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/JPuy3uufkL3QSHkp/
✅ "Арыс жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 06 қыркүйек күні кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Арыс АПБ-ң ЖПҚ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Қ.Назаров пен ЖПҚ КТІЖ УПИ-нің аға-лейтенанты Ж.Таттыбеков 8-11 сынып оқушыларымен жиналыс өткізді.
Сілтемесі: : https://www.facebook.com/share/p/eMRLKd9vTpjeKJJV/
✅"Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірлігінің 2023 жылғы 17 наурыздағы №68 бұйрығы негізінде педагог-психолог қызметінің жұмыс жоспары құрылып,жұмыстар атқарылуда. Мектептің педагог-психологтары Г.Қонысбаева мен Ж.Спакешова 2024-2025 оқу жылында 1- сынып оқушылардың бейімделуіне психологиялық қолдау, сүйемелдеу жұмыстары ұйымдастырылып,оқушылардың мектепке психологиялық дайындығы мен мектеп өміріне бейімделуін анықтау мақсатында Керн-Ийрасек тесті жүргізілді.Керн-Ийрасек тестіне 68 оқушы қатысты.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/wzbrymNLfXAr9CZy/
✅ "Арыс жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 10 қыркүйек күні жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, оқушылар арасында сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын - алу, сонымен қатар оқушы бойына мәдениет пен парасаттылық, әдептілік пен адалдық құндылықтарын арттыру мақсатында 2"Б" сынып оқушыларымен сынып жетекшісі А.Сейдалиева ұйымдамтыруымен бірыңғай «Адалдық - асыл қасиет" адалдық сағатын» өткізді.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/tfuHyBhwhHUex9m6/
✅ «Арыс қаласының «Ішкі саясат бөлімі» ММ «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің психологы А. Үсеннің ұйымдастыруымен,«Нашақорлық қауіпті-індет,алдын алу-міндет» тақырыбында «Арыс жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізілді.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/zZSF8QdccuxE74o4/
✅ «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024-2025 оқу жылында «Отбасым – Мақтанышым» акциясын өткізу позитивті қарым - қатынас үшін берік ынтымақтастық құруға, отбасылық құндылықтарды қолдауға, дамытуға, сондай-ақ мектепте қолайлы ортаны қалыптастыруға ықпал

ету аясында Отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарды қолдау арқылы мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуін нығайту, отбасын біріктіру және ата - аналар мен балаларды бірлескен іс-әрекетке тарту үшін жағдай жасау, бұл баланың жеке басының үйлесімді дамуына, позитивті ата - ана мәдениетінің деңгейін арттыруға ықпал ету мақсатында "Отбасылық және ұлттық дәстүрлер" тақырыбы бойынша мұғалімдер арасында ұлттық ойындар арқылы спорттық сайыстар ұйымдастырылды.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/nMbvzNWsCWbUsC7E

✅ «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 27 қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балаларымыз -еліміздің болашағы, өміріміздің жалғасы болғандықтан оларды әртүрлі төтенше жағдайлардан қорғау аясында 11 сынып оқушылары арасында сынып жетекшісі К.Құрманалиеваның ұйымдастыруымен "Бала өмірінің қауіпсіздігі маңызды" тақырыбы аясында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/5zP7eyH1iTUDicDH/

✅ «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 30 қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балаларымыз - еліміздің болашағы, өміріміздің жалғасы болғандықтан оларды әртүрлі төтенше жағдайлардан қорғау аясында 1 «А» сынып оқушылары арасында сынып жетекшісі Г.Акимованың ұйымдастыруымен "Әр бала білуі тиіс қауіпсіздік" тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/96dcRJSVwRXwDaXh/

✅ "Арыс қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 01 қазан күні 7 'В" сынып оқушыларымен сынып жетекшісі Г.Сатымбекованың ұйымдастыруымен "Еңбегі адал -жас өрен" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/FdYRiPGHVYAZGwEf/?mibextid=oFDknk

✅ "Арыс жалпы білім беретін мектебінде 1 Қазан Халықаралық Қарттар күніне орай даярлық топ оқушылары арасында сынып жетекшісі Н.Адахам ұйымдастыруымен “Қарттарым аман-сау жүрсін” тақырыбында сынып сағаты өткізілді.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/rtY3C4VvKV4bpR84/?mibextid=oFDknk

✅ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жоспар жасалынып, мектеп директорымен бекітілді. Сонымен қатар мына құндылықтар бойынша жұмыстар атқарылды: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік пен Ынтымақ», «Әділдік және Жауапкершілік», «Заң және Тәртіп», «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және Жаңашылдық». Бекітілген жоспардағы әр аптаның дәйек сөздері сыныптарға ілініп, оқушыларға түсіндіріліп отырды.

✅ 2024-2025 оқу жылында 06 қаңтар күні «Білім бөлімі» ММ-нің №25/7182 санды хатына сәйкес **«Қазақстан балалары –қысқы ғажайып**!» атты қысқы демалыс кезінде балалардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында еңбек пәнінің мұғалімі Г.Қосақованың ұйымдастыруымен оқушылар үйде жасап жатқан бұйымдарын, салған суреттерін жариялады.

Сонымен қатар, 1-5 сынып оқушылары арасында мектеп кітапханашылары және сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «**Қыста кітап оқимыз, жанымызда тоқимыз**» ұранымен, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында онлайн форматта оқушыларға кітап оқу сайысы болды.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/15fC5dE9qw/

✅ 10.01. 2025 ж «**Таза Қазақстан**» экологиялық акциясы аясында мектеп ауласына және айналасына сенбілік өтілді.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/15bgmZyZj8/

✅ 13.01.2025 ж жоспарға сәйкес, 1-4 сынып оқушылары арасында «**Қар жамылған ағаштар**» атты сурет байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қыстың әсем табиғатын сурет арқылы бейнелеу болып табылады. Суреттерден қысқы табиғаттың ғажайып көрінісін тамашалауға болады.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1JarrVNuCA/

✅ 13.01.2025 ж . Кітапхана меңгерушісі А.Пердебекова 8 «А» сыныбымен «Қазақ әдебиеті» газетінің тұңғыш редакторы Ғабит .Мүсірепов пен жауапты хатшысы Мұхамеджан Қаратаевтың өмірі мен шығармаларынан кең көлемде мәліметтер берді.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1RsbthrRc9/

✅ 2025ж 14-17 қаңтар аралығында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде 5-11 сыныптарда **«Көшедегі қауіпті заттардан қалай аулақ болуға болады?», «Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдамауды қалай үйренуге болады?»** тақырыбында сынып сағатын өтті. Сынып сағаты кезінде 10 минут көлемінде балаларға қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/12MQFWNWqB1/

✅ 16.01.2025ж «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жоспарына сәйкес, 10 «А» сыныбында **«Отбасында зорлық-зомбылыққа жол жоқ!»** тақырыбымен сыныптан тыс тәрбие сағатын өтті. Мақсаты: оқушыларға зорлық- зомбылық туралы мағлұмат беру, отбасындағы тәрбие құндылықтарын айту.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1VA51zP3Tk/

✅ Қазіргі таңда оқушылар ұялы телефонға тәуелді болып, ойынға құмарту белең алуда. Осыған орай, жоспарға сәйкес 17 қаңтар күні педагог – психолог Спакешова Жанар мен аға вожатый Г.Мусаеваның ұйымдастыруымен 6 сыныптар арасында **«Лудомания- ойынға тәуелділік»** атты сынып сағатын өтті. Оқушыларға лудомания туралы толық түсінік беріп, оның себеп-салдарына тоқталды.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/16Yfya3deW/

✅ Сонымен қатар, 17-20 қаңтар күндері 8-11 сынып оқушылары арасында **«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық, зорлық- зомбылық, қорлау, қудалаудың алдын алу»** мақсатында кездесу өтті. Кездесуге Арыс қаласының полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі аға инспекторы полиция капитаны Азамат Жәнібеков, участкелік полиция инспекторы аға лейтенанты Жақсылық Тәттібеков қатысып, түсіндірме ақпарат жүргізді.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1AXWXUxe6v/

✅ 20 қаңтар күні 10-11 сыныптарда «**Жемқорлық індет – жою міндет**» атты сынып сағаты өтілді. Мақсаты: Сыбайлас жемқорлық деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары туралы түсінік қалыптастыру.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/16dBxjafGR/

✅ Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес, 2024-2025 оқу жылының 21 қаңтары күні 7-8 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «**Шығармашылыққа ынталандыру**» тақырыбында ата-аналармен тренинг өткізді. Тренинг барысында сұрақ-жауап арқылы ойындар, психологиялық тренингтер ұйымдастырылды. Мақсаты: 1) жоғары сынып оқушыларының жетістігінде шығармашылық ойлаудың маңыздылығы; 2) шығармашылық ойлауды дамытуға ықпал ететін дағдыларды қалыптастыру; 3) отбасылық ортада шығармашылықты дамыту тәсілдерін айту.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1AeuLu3vag/

✅ 21 қаңтар күні жоспарға сәйкес 11 «А» сынып жетекшісі А.Баккелдиева «**Зорлық-зомбылықсыз отбасы»** тақырыбында тәрбие сағатын өткен болатын. Оқушыларға тәрбие сағатының мақсатын жете түсіндіріп, тәрбие сағаты жақсы деңгейде өтілді. Сабақта слайд және бейнебаян көрсетілді.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1Ae1Ywdg8V/
https://www.facebook.com/share/p/18uEm2SgU4/

✅ Оқуға құштар мектеп» жобасы мектебімізде өз деңгейінде жүргізілуде. Осыған орай, 22 қаңтар күні кітапхана меңгерушісі Пердебекова Аягөз апай 6 «А» сыныбымен **«20 минут кітап оқу»** сынып сағатын өтті. Сабақ мақсаты: балалардың көркем әдебиетке, кітап оқуға деген құштарлығын арттыру, сөздік қорын молайту, сауатты сөйлей білуге дағдыландыру болып табылады.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1ATYru59Jj/

Сонымен қатар,осы аталған жоба бойынша өте тартымды іс-шара өтілді. Кітапханашылардың ұйымдастыруымен «**Әлем ертегілері**» тақырыбында 3-4 сынып оқушыларының қатысуымен балалар оқуы байқауы өтті. Байқауда оқушылар «**Мюнхаузеннің бастан кешкендері**» хикаясы, «**Нелло мен Патраш**» ертегісінен көрініс қойды. Байқау соңында қатысушыларға «**Үздік рөлі үшін**» номинациясы беріліп, «Алғыс хатпен» марапатталды. Ұйымдастырушыларға, ДОТЖЖО Кадирова Ұлбосын апайға және сынып жетекшілерге алғыс айтылды.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/15dw6WunMF/

✅ 22 қаңтар күні 5-11 сынып жетекшілері «**Цифрлық гигиена**» қауіпсіздік сабағы, «**Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам**», «**Қаржылық қауіпсіздік**» тақырыптарымен сыныптан тыс тәрбие сағаттарын өз деңгейінде өткізді. Мақсаты: интернетті қауіпсіз пайдалану үшін цифрлық гигиена, кибербуллинг, алаяқтық, орынсыз мазмұн, хаккерлер, вирустар, фишинг терминдерінің мәнін түсіндіру. Оқушылар сұраққа жауап беріп,өз пікірлерін ортаға салды, топтық тапсырмалар орындады. Сабақ соңында кері байланыс берді.

Сілтемелері: https://www.facebook.com/share/p/16ckiQSXdw/
https://www.facebook.com/share/p/19CV2h78Bm/
https://www.facebook.com/share/p/14DvDwJC8Ph/
https://www.facebook.com/share/p/1F4oqNhgNN/
https://www.facebook.com/share/p/1C3s9h5kNo/

✅ «**Қызға- қырық үйден тыйым**» - деп атам қазақ бекер айтпаған-ау, сірә! Қазақ халқы қыздың тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген. Осы орайда, 23 қаңтар күні 8-11 сынып қыздарымен «**Қыз намысы- ұлт намысы**» атты жиналыс болды. Жиналысты мектеп мейірбикесі Қалымбетова Ғалия апай, педагог-психолог Спакешова Жанар, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары міндетін

уақытша атқарушы Ахметова Ұлсерік жүргізіп отырды. Қыздармен ашық әңгіме айтылды.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1CkSgpB7Fi/

✅ Тәрбие саласының Заң мен Тәртіп құндылығы аясында **«Реттеушінің белгілері және жол жүру ережелері»** қауіпсіз сабағы, **«Қиын кезеңдердегі достық: жанжалда досыңызға қалай қауіпсіз көмектесуге болады?»** тақырыбымен 28-29 қаңтар күндері 5 сынып жетекшілері Ақын Айгул, Құрбанбаева Диана, Байжанова Жазира және 8 сынып жетекшілері Кучкарбекова Жанар, Суппаева Нағима, Избасарова Динара тәрбие сағатын өтті. Мақсаты: оқушыларға заң мен тәртіптің маңыздылығын түсінуге және оған құрметпен қарауға үйрету, құқықтық тәртіп ұғымдарын түсіндіру, жауапкершіліктің, әділдіктің, адалдықтың маңыздылығын түсіндіру.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1FP9otj9T3/
https://www.facebook.com/share/p/16Cq9ttWkw/

✅ 31 қаңтар күні **«Нашақорлық ғасыр дерті»** тақырыбында жоспарға сәйкес 7 сыныптар арасында дене шынықтыру пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен спорттық сайыс өтті. Сондай- ақ, осы оқушылар аудандық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарды иемденді. Алғыс хатпен және медальмен марапатталды.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/v/16HmVr8p7o/

✅ Дәл осы күні жоспар аясында мектеп педагог- психолог Спакешова Жанар мен аға вожатый Г.Мусаева 6 сыныптарда **«Жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселесі»** бойынша сынып сағаттарын өтті. Оқушылар «буллинг» сөзінің мағынасын түсініп, қосымша тапсырмалар, тесттер орындады, кері байланыс жүргізілді.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1AkfWXQX7i/

✅ 4-5 ақпан күндері бекітілген жоспарға сәйкес, **«Цифрлық әлемде қауіпсіз адам»** аясында, 5-11 сынып жетекшілері **«Бейтаныс адамның шақыруынан қалай сенімді және қауіпсіз бас тартуға болады?»** қауіпсіздік сабағы, **«4 ақпан- Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні»** тақырыбымен сынып сағатын өтті.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/199YLh47xY/
https://www.facebook.com/share/p/15jw6zKeW4/

✅ 5 ақпанда жоспардан тыс **«Білім бөлімінің»** хатына сәйкес, 9-11 сыныптарда **«Сайлау құқығы»** тақырыбында сынып сағаттары өтілген болатын. Мақсаты: сайлау құқығымен таныстырып, саяси мәдениет қалыптастыруға үйрету, азаматтық жауапкершілікті күшейту. Сонымен қатар, сенім телефоны **«111» нөмірлері және QR коды** қызметі туралы оқушыларға түсіндіріліп, жалған ақпарат беретін болса айыппұл төлейтіні туралы ескертілді және ақпарат толығымен берілді.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1G2d6fd32S/
https://www.facebook.com/share/p/1BnzCh2V8w/
https://www.facebook.com/share/p/18uEm2SgU4/

✅ **«Таза Қазақстан»** экологиялық акциясы бойынша 7 ақпан күні мектеп ауласын, айналасын қоқыстан тазартып, ағаштарды әктеу жұмыстары жүргізілді. Аталған акция апта сайын тұрақты түрде жасалуда.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1DdEX3UUGF/

✅ 10 ақпан күні кітапхана меңгерушісі Пердебекова Аягөз апай 10 «А» сынып оқушыларымен **«Оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады**?» тақырыбында дебат сабағын өтті. Мақсаты: балалардың көркем әдебиетке, кітап оқуға деген құштарлығын арттыру, сөздік қорын молайту, сауатты сөйлей білуге дағдыландыру болып табылады.

Іс-шара жалғасын тауып кітапханашы Қаблашова Г 3-7 сынып оқушылары арасында **«Адал болу- парызың»** атты сурет салу байқауын ұйымдастырды**.** Қатысушылар салған суреттері бойынша өз ойларын еркін әрі көркем жеткізе білді. Байқау

қорытындысы анықталып, **«Алғыс хатпен»** марапатталды.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/18uDgVt5Te/

✅ Осы күні жоспар негізінде 9 сынып жетекшілері Қолдас Айгул, Ахметова Ұлсерік, Досжанова Айгерім **«Ер азамат атына лайық бол**!» атты ұлдармен сыныптан тыс сағат өткізді. Мақсаты: ер азаматтың әлеуметтік рөлін дұрыс орындауға деген қажеттілігін қалыптастыруға бейімдеу, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор жасау, үлгі өнеге көрсету.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1DysiUrF4r/

✅ Сондай- ақ, іс-шара жалғасын тауып, 11 ақпан күні 5- 9 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен **«Төтенше қызмет нөмірлері»** қауіпсіздік сабағы, **«Буллингтен қорған**!», **«Баланы кемсітудің және төмендетудің алдын алу», «Буллингтен қорған, жасөспірім!»** тақырыбымен тәрбие сағаттарын өз деңгейінде өтті. Мағыналы бейнебаяндар көрсетілді. Оқушылар сабақ мақсатына аса мән берді, сынып жетекші оқушыларды сыйластыққа, адамгершілікке, бір-біріне қолдау көрсетуге, намысына тимеуге, мазақтамауға шақырды.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1FgHZosHrB/
https://www.facebook.com/share/p/1DmpWTXuJv/
https://www.facebook.com/share/p/1DmpWTXuJv/

✅ **«14 ақпан – бірыңғай өрт қауіпсіздігі күніне»** орай 1-11 сынып оқушыларына сынып жетекшілері тарапынан өрт кезінде сақтық шараларымен таныстыру мақсатында бірыңғай ашық тәрбие сабақтары өтті. Бейнеролик көрсетіліп, сұрақ-жауап айдары ұйымдастырылып, оқушыларға жадынама таратылды.

Сонымен қатар, мектеп қызметкерлеріне де өрт қауіпсіздігі ережелері түсіндіріліп, өрт сөндірушілердің қызметін тілге тиек етті.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/16euh43Rbn/
https://www.facebook.com/share/p/16euh43Rbn/

✅ 17 ақпан күні 8-11 сынып оқушылары ата-аналарының қатысуымен «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау» тақырыбында Арыс ауданының прокуратурасының прокуроры Анарбай Қуаныш, «Жастар ресурстық орталығы»КММ психологы Үсен Ақбота, «Білім бөлімі» ММ-нің әдіскері Момынкулова Балжанның қатысумен кездесу өтті**. Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1JMWxG5X3h/**

✅ 18.02.2025ж ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ

2025 жылдың 18 ақпан күні 8-11 сынып оқушылары арасында "Жастар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу" тақырыбында кездесу өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Кездесуге Арыс қаласы Ішкі саясат бөлімінің бас маманы Б.Абуов, "Бекзат ата" мешітінің имамы Қ.Садыбаев,"Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің теолог маманы Н.Рыстай қатысып, тақырыпқа байланысты өзекті мәселелерді қозғады. Оқушылар мамандарға көкейіндегі сұрақтарын қойып, маңызды жауап алды.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/16YGUY8H4M/

✅ "Жырлайды жүрек" әдеби-сазды кеш өтілді

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапхана меңгерушісі Аякөз Пердебекова мен 8 «Б» сынып жетекшісі Избасарова Динараның ұйымдастыруымен әдеби-сазды кеш өтті. Мақсаты: Ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. Ақынның өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1BYsrBuqFz/

⛔«Қауіпсіз жол» жедел профилактикалық іс-шарасы, темір, кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын алу бойынша Арыс 1 ст. ЖПБ ӘПб-нің аға инспекторы полиция майоры Б Акмулдаев, Арыс 1 станция ЖПБ ӘПб-нің инспекторы полиция капитаны Қ. Балхибеков жоғары сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Профилактика күніне орай темір жол аймағында оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында темір жол қауіпті аймақ екендігі бойынша қауіпті аймақтарға тоқталып өтті. Оқушылардың аспа көпір арқылы өту керектігі, сонымен қатар, вагондардың үстіне шықпау, жолаушылар поездарына тас лақтырмау керектігі, темір жол вагондарындағы түрлі түсті метал бөлшектері ұрлықтары бойнша ұрлықтың алдын алу жөніндегі мәселелер оқушыларға қатаң түрде ескертілді.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/16YcvzN6uD/

✅"Біртұтас тәрбие" бағдарламасын іске асыру мақсатында ақпан айының жұмыс жоспарына сәйкес, 24.02.2025 ж күні “Арыс жалпы білім беретін мектеп” КММ- де 8-11 сынып қыздары арасында “Әдемі қыз -көзіңе жақын, әдепті қыз-көңіліңе жақын” атты жиналыс өтті. Мақсаты: қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге, қыз баланы гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға үйрету; өн бойларын, ой-өрісін дөрекі қылықтардан сақтандыру; инабатта, ибалы болып өсуге баулу.

Жиналыс барысын мектебіміздің мейірбикесі Ғ. Қалымбетова, педагог-психолог Ж. Спакешовв, ДТЖЖО м.у.а У. Ахметова, кәсіптік -бағдар беруші маман А.Жұмаділ жүргізіп отырды.

Қыздар жиналыста сұрақтарын қойып, өз ойларында ортаға салып отырды.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/19sF1LFU7J/

✅25.02.2025 ж Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында 8-11 сынып оқушыларымен ДТЖЖО М Жандарбеков өрт қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмысын жүргізді.Мақсаты:Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру
. Оқушыларға өрт қауіпсіздігі жайлы слайд көрсетіліп оқытушының өрт қауіпсіздігіне байланысты сұрақтарына жауап беріп өз ойларымен бөлісті. Бұл ұйымдастырылған іс шараға оқушылар белсене қатысып отырды . Іс шара соңында оқушылар мұғалімнің қойған сұрақтарына мүдірмей жауап берді. Мұғалім оқушыларды өрт болдырмау шараларымен таныстырды және өрт болған жағдайда қандай қауіпсіздік шараларын жасау керектігін айтып өтті.

Сілтеме: **https://www.facebook.com/share/p/18wRxHMrfH/**
https://www.facebook.com/share/p/16k8AxxDKc/

✅ Сонымен қатар, осы күні іс-шара жалғасып, 6 «Ә» сынып жетекшісі Г.Сыранова мен 9"Ә" сынып оқушыларымен Досжанова Айгерім өрт қауіпсіздігі бойынша сынып сағатын өтті. Мақсаты: Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру
. Оқушыларға өрт қауіпсіздігі жайлы слайд көрсетіліп оқытушының өрт қауіпсіздігіне байланысты сұрақтарына жауап беріп өз ойларымен бөлісті. Бұл ұйымдастырылған іс шараға оқушылар белсене қатысып отырды . Іс шара соңында оқушылар мұғалімнің қойған сұрақтарына мүдірмей жауап берді. Мұғалім оқушыларды өрт болдырмау шараларымен таныстырды және өрт болған жағдайда қандай қауіпсіздік шараларын жасау керектігін айтып өтті. Сонымен қатар «Өртті дұрыс сөндір» атты дидактикалық ойын ұйымдастырды.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/195fkAXukf/
https://www.facebook.com/share/p/1Bzdttza1e/

✅ 26.02.2025 ж Кітапхана меңгерушісі А.Пердебекова 7 «В» сынып жетекшісі Г .Сатымбековамен ««Қыз Жібек» операсына-90 жыл» тақырыбында танымдық сабақ өтті. Мақсаты: ұлттық құндылықтарды дәріптеу; қазақ мәдениетінің жауһары саналған жырдың бағасын және тарихын білу; кейіпкерлерімен жете танысу; қазақ мәдениетінің жаны мен жүрегі болған жырдың шежіресімен таныстыру; адалдыққа, батырлыққа, ерлікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1BmBeVw2UN/

✅ **«АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС- ХАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ» АҚПАРАТТЫҚ НАСИХАТТАУ ІС-ШАРАСЫ ӨТТІ**

Арыс аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің 26.02.2025 жылғы 21-17-23-76-и санды хатына сәйкес, 2025 жылдың 28 ақпан күні "Азаматтық қорғаныс-халық қауіпсіздігінің кепілі" ұранымен ақпараттық насихаттау іс шарасын өткізу мақсатында 5-11 сынып жетекшілері төтенше жағдайларға байланысты қауіпсіздік тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: өрт қауіпсіздігі, жер сілкінісі, су тасқыны секілді төтенше жағдайлар туралы оқушыларға мағлұмат беру, өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру. Оқушыларға қауіпсіздік жайлы слайд көрсетіліп, оқытушының қауіпсіздікке байланысты сұрақтарына жауап беріп өз ойларымен бөлісті. Іс-шара соңында оқушылар мұғалімнің қойған сұрақтарына мүдірмей жауап берді. Мұғалім оқушыларды өрт болдырмау шараларымен таныстырды және өрт болған жағдайда қандай қауіпсіздік шараларын жасау керектігін айтып өтті. Сонымен қатар «Өртті дұрыс сөндір» атты дидактикалық ойын ұйымдастырды.

Сілтеме: https://www.facebook.com/share/p/19M2YDsJeX/

✅ **“Алтын жүрек” челленджі**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде жоспарға сәйкес 1 - наурыз “Алғыс айту”күніне орай “Алтын жүрек” челленджін 10 «А» сынып оқушылары С.Сейфуллин жалпы білім беретін мектебіне жолдады. Сонымен қатар, «Алғыс айту парызым», «Алғыс айту- асыл қасиет», «Алғыс айтуды ұмытпа!» атты сыныптан тыс тәрбие сағатын мектеп алды даярлық сынып және 1-11 сынып жетекшілері ұйымдастырып өтті.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/16cT826SV5/

✅ **МЫҢ АЛҒЫС КОНЦЕРТТІК КЕШІ ӨТТІ**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізіндегі жоспарға сәйкес 6 «Б» сынып жетекшісі Ақжігітова Перизаттың ұйымдастыруымен алғыс айту күніне орай «Мың алғыс!» атты мерекелік концерттік кеші өтті. Іс-шараның мақсаты: оқушылардың ризашылық пен алғыс туралы түсініктерін қалыптастыру және сыйластық құндылығын бойына сіңіру, үлкен-кішіге деген сүйіспеншілікке, сыпайылық қарым-қатынасқа, кішіпейілділікке, іздеттілікке тәрбиелеу. Концерттік кеште оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, ән шырқап,би биледі және қара өлеңдерін оқыды.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1BokMYCSGQ/

✅ **"БІРЫҢҒАЙ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ КҮНІ' ӨТТІ**

Арыс қаласы білім бөліміне қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 28.02.2025 жылы алғашқы әскери дайындық

технологиясы пәнінің мұғалімі Артықбай Роза мектеп қызметкерлері мен ата-аналарына өрт қауіпсіздігі, өмір қауіпсіздігін сақтау, өрт қауіпсіздігін түсіндіру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру. Қызметкерлер өрт қауіпсіздігі туралы сұрақтарға жауап беріп, өз ойларымен бөлісті. Бұл ұйымдастырылған іс-шараға қызметкерлер мен ата-аналар белсене қатысты.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/16gCi5Lx4V/

https://www.facebook.com/share/p/1CqYSfogij/

✅ **ІЗГІЛІКТІҢ БІР ІЗІ – АЛҒЫС АЙТУ КОНЦЕРТТІК КЕШІ ӨТТІ**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізіндегі жоспарға сәйкес ДТЖЖО М.Жандарбеков пен Ұ Ахметова , аға тәлімгер Г Мусаева ұйымдастыруымен 2-11сынып оқушыларының қатысуымен алғыс айту күніне орай «Ізгіліктің бір ізі – алғыс айту!» атты мерекелік концерттік кеші өтті. Іс-шараның мақсаты: оқушыларды сыйластыққа, достыққа, мейірімділікке, алғыс айтуға тәрбиелеу. Оқушылар Отанға, туған жерге, елге, ата-анаға, досқа, ұстазға деген алғыстарын өлең,ән арқылы жеткізе алды. Концерттік кеште оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, ән шырқап,би биледі және монолог оқыды.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/15zwu2tRdr/

Дәл осы мақсатта 03.03.2025 жылы 2-10 сынып оқушыларымен мектеп кітапханашылары А.Пердебекова мен Г. Каблашова мерекелік іс-шара ұйымдастырып өтті. Мақсаты: Білім алушылардың жанұяға, ата - анаға, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынастарын дамыту;Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір - бірімен үйлесімді қарым - қатынас жасай білуге үйрету;Елімізде тұрып жатқан әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу, салт - дәстүрін, мәдениетін өзіндік үлгі өнегесін оқушылардың бойына сіңіру. Бейбітшілікте татулықта өмір сүруге тәрбиелеу.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/18tBbQu4J7/

✅ 06.03.2025ж «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізіндегі жоспарға сәйкес ДТЖЖО М.Жандарбеков пен Ұ.Ахметова , аға тәлімгер Г.Мусаеваның ұйымдастыруымен 2-11сынып оқушыларының қатысуымен 8 наурыз Аналар мерекесіне орай «Бәрі де Ана, бір өзіңнен басталады!» атты мерекелік концерттік кеші өтті. Іс-шараның мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы ардагер ұстаз аналар мен аруларды мерекемен құттықтау, оқушыларды мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу, ұстазға, ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.Концерттік кеште оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, ән шырқап,би биледі және ана туралы монолог оқыды.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/16cVA9k8ug/

✅"Арыс жалпы білім беретін мектеп" КММ -нің 3-сынып жетекшілері Естаева Арайлым, Алимбаева Гүлназ, Агадилова Маржан апайлардың ұйымдастыруымен "Ана-жыр, Ана-гүл, Ана-өмір шырағы" тақырыбында керемет кеш өтті. Тәрбие сағатына көптеген ата-аналар келіп, қуанып, жүрек-жарды тілектерін, апайлары

мен мектеп ұжымына айтып кетті.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1HwPrxENoM/

Арыс ЖББМ 5,6,7 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен “Үміт сәулесі” атты қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді.

Мақсаты:Оқушылардың бойына ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сынды асыл қасиеттерді дарыту, риясыз мейірімді болуға үйрету, ой, сөз , қол бірлесітігі туралы ұғымын кеңейту.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/v/1VvD2EsaSB/

08.03.2025 ж «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жоспарына сәйкес, 8 «А» сынып жетекшісі Кучкарбекова Жанардың ұйымдастыруымен 2025 жылдың 12 ақпан күні «Мамандық -менің болашағымның таңдауы» тақырыбымен сыныптан тыс тәрбие сағатын өтті. Мақсаты: оқушыларға мамандық туралы түсінік беру және қолдау көрсету, жоспарларын анықтау, мамандық таңдаудың қыр-сырын меңгерту.

Сабақ барысында оқушыларға 10 минуттық қауіпсіздік сабағы бойынша «Жол қауіпсіздігі» туралы слайд арқылы көрсетілді. Оқушылар өздерінің арманындағы мамандық туралы айтып, ойларын ортаға салып бөлісті.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1DdtFTjpJp/

«ЖЫЛ БАСЫ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ-

КӨРІСУ МЕРЕКЕСІ-АМАЛ МЕРЕКЕСІ»

Ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында Наурызнама тұжырымдамасына сәйкес Наурызнама онкүндігі бойынша «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жоспары негізінде 2025 жылдың 14 наурыз күні 3-4 сыныптар арасында «Көрісу мерекесі- амал мерекесі» атты іс-шара өтілді.

Мақсаты: Оқушыларды қазағымыздың салт — дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, сыйластыққа баулу. Іс-шара барысында оқушылар сахнада қазақша нақышта ән айтып, би билеп, көріністер көрсетті.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/15d4uS32Dq/

14.03.2025ж күні "Жақсылық жасап жарысайықшы" атты қайырымдылық акциясы аясында 6 "Ә" және 6 "Б" сыныбында "Қайырымдылық күні - мейірімділік пен ізгіліктің мерекесі" тақырыбында сынып жетекшілер Сыранова Гүлвира, Ақжигитова Перизат тәрбие сағатын өтті.

Мақсаты: оқушыларды мейірімділікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу. Қайырымдылық - адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі екенін, адамдарды бір - біріне жақындастырып, қоғамды мейірімділік пен жылылыққа толтыратынын түсіндіру. Қайырымдылық тек материалдық көмек емес, жүректен шыққан ізгілік пен жанашырлықтың белгісі екенін бала бойына сіңіру.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/v/1Xc1YKbuLW/
https://www.facebook.com/share/p/1B34oZ5Bnq/

“Шаңырақтың шаттығы - татулықта”

Отбасылық тәрбие адам өміріне әсер етіп қана қоймай, дүниетанымын да қалыптастырады. Өнегелі шаңырақтан шыққан жанның қоғамдағы орны да биікте болмақ. Осы ретте отбасындағы ата мен әженің ролі ерекше. Өйткені, бала да, немере-шөбере де алдымен ата-анасының, сосын атасы мен әжесінің қас-қабағына қарап өседі. Солардың берген тәлім-тәрбиесін бойына сіңіріп, ержетеді. “Шаңырақтың шаттығы - татулықта” тақырыбында 5 “Б” сынып оқушысы Ералы

Мерей әжесі отбасы құндылығын насихаттауда, оның ішінде наурыз мерекесінде отбасымен жасайтын іс-әрекеттер жайлы түсіндіруде.

Сілтеме: https://www.facebook.com/share/p/1QV9gLx4z5/

✅ **«МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КҮНІ»**

Ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында Наурызнама тұжырымдамасына сәйкес Наурызнама онкүндігі бойынша «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жоспары негізінде 2025 жылдың 14 наурыз күні 9 «А,Ә,Б» сыныптар арасында «Ата салтың -ұлттық қалпың» атты іс-шара өтілді. Іс-шара барысында қазіргі таңдағы ұмыт қалған салт-дәстүрден көрініс көрсетті.
Мақсаты: оқушыларға қазағымыздың ұмыт болған салт — дәстүрлерін дәріптеу.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1U5HHjP4GJ/

✅ 15 наурыз -Қайырымдылық күні. Мейірімділік пен жанашырлық кезеңі. Бұл күн қайырымдылық, мейірімділік пен тату көршілікті насихаттауға арналған. Жалпы игі дәстүрін тарату қоғамда қайырымдылық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

7 «В» сынып оқушыларының «Үміт сәулесі» атты жәрмеңкесінің қорытындысы ретінде сынып жетекшісі Сатымбекова Гулдариғаның ұйымдастыруымен Наурыз мерекесі аясында өтетін, "Қайырымдылық" күніне орай,мұқтаж отбасына қажетті азық түлікпен қамтамасыз етті. Мұқтаж жандарға қол ұшын созу, кімге болсын құшағын жайып, қонақжайлық көрсету – қазақтың қанында бар қасиет. Наурызды мерекелеу кезінде бұл қасиеттерді барынша кеңінен насихаттау, оның қадірін арттыру аса маңызды.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/v/1VvD2EsaSB/

✅ 17 наурыз ,,Ынтымақ күні'' мерекесіне орай мектепалды "А"сынып жетекшісі Адахам Нұржамал "Наурыз-береке мен бірліктін бастауы" атты ашық тәрбие сағаты мен ,,Қауіпсіздік сабағы''(10-минут) өтті. Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды насихаттау, қазақ халқының салт дәстүрлерін-дәріптеу және балаларды мейірімділке, сыйластыққа баулу. Тәрбие сағатында балалар қазақ халқының "Арқан тарту, қол күрес, асық ату"ұлттық ойындарын ойнады. Сонымен қатар ұлттық ас мәзірінен дастарқан жайылды,мұндағы мақсат наурыз көженің жеті түрлі дәмнен жасалатынын түсіндіру және ұлттық тағамдардың пайдасын ұғындыру.
Балалар наурыз мерекесіне орай өлең жолдарын айтып, ән салды.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1AsEinBLBX/

✅ 🌳МЕНІҢ АҒАШЫМ🌳

Аға вожатый Г Мусаеваның ұйымдастыруымен «Менің ағашым» мектеп ауласын көгалдандыруға үлес қосу акциясы өткізілді.
✅ “Арыс жалпы білім беретін мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Арыс АПБ-нің ЖПҚ КТІЖ аға инспекторы полиция капитаны А.Жәнібеков, Арыс АПБ-нің ЖПҚ КТІЖ УПИ аға лейтенанты Ж.Таттыбеков қатысуымен 8-11 сынып оқушыларына "Жасөспірімдер арасында нашақорлықты болдырмау" атты жиын өтті.Жиынның мақсаты: Нашақорлықтың адам өміріне тигізер залалы жайында түсіндіру, жалпы оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/16Lr14cBGR/

✅Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 02.05.2025 жылғы №3-05-4/3121-И санды хатына сәйкес, Түркістан облысы Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты "Арыс жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 12-16 мамыр аралығында «Адал азамат» бүртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары негізінде 1-11 сыныптардан «Таза Қазақстан», «Заң және тәртіп», «Адал азамат» бағыттары бойынша эссе алынды.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/16r5CmVuGf/

✅ «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапхашылары А.Пердебекова мен Г.Каблашова «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Қазақтың 1000 әні» Александр Затаевичтің туғанына 155 жыл толуына орай, библиографиялық шолу ұйымдастырды.
Мақсаты: Биыл қазақ халқы үшін өлшеусіз еңбек жасаған музыка зерттеушісі, этнограф, Қазақ ССР-інің халық артисі Александр Затаевичтің өмір жолынан

мәлімет беру.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/19Pc1oPN2M/

Түркістан облысының білім басқармасының Арыс қаласының "Білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қарасты "Арыс жалпы білім беретін мектеп "коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында 17.05.2025жылы сенбілік жұмыстары жүргізілді .

🌳Басты мақсат:

Қоршаған ортаны таза ұстау, экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру және нығайту мақсатында құрылған қоғамдық игілікке ұқыптылықпен қарау қағидаттарын қалыптастыру.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1F3ksQ1NXg/

✅ Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» КММ -де 22.05.2025 ж күні "ҮЗДІКТЕР ШЕРУІ–2025" салтанатты іс-шарасы өткізілді. Іс-шара барысында 2024–2025 оқу жылында озат білім көрсетіп, оқу мен тәртіпте алда болған үздік оқушылар, түрлі пәндік олимпиадалар мен байқауларда жоғары нәтижеге жеткен дарынды шәкірттер мектеп әкімшілігі мен ұстаздар қауымының алғыс хаттарымен, мақтау қағаздарымен марапатталды.

Іс-шараның мақсаты — оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып, жетістікке жеткен оқушыларды көпке үлгі ету.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/16MZTZcF8H/

✅ «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдесінде №194 «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының 2-қосымшасындағы жоспарына сәйкес, 23 мамыр күні «Білімім – Отаныма!» атты республикалық бірыңғай 1-11 сынып аралығында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Мақсаты: Білім алушылардың өз білімдері мен іс-әрекеттерін ел дамуына, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына қосқан үлесі ретінде бағалап, болашаққа саналы мақсаттар мен жоспар құруына ықпал ету.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/16NEm2NP6X/

✅ Арыс қалалық "Білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қарасты "Арыс жалпы орта білім беретін мектеп" КММ -де 2025 жылдың 23 мамыр күні ерекше толқынысқа толы, жүрекке жақын сәттердің бірі – "Мектебім, саған мың алғыс!" атты бітіруші түлектерге арналған салтанатты жиын өткізілді. алтанатты жиынымызға Арыс қаласы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы М.Асанов, Арыс қаласының "Білім бөлімі" ММ-нің әдіскері Г.Малтаева, қамқоршылық кеңесінің төрағасы П.Рахымбердиева және зейнеткер ұстаздар арнайы келіп қатысты.

Қонақтарымыз ұстаздар қауымына ризашылықтарын жеткізіп, бітіруші түлектерге сәт сапар тіледі.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1DQwNQUjRE/

Мектепішілік үйірмелер:

Мектепте 2023-2024 оқу жылында мектебімізде дарынды және үлгерімі төмен оқушылар, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары мен мектепішілік есепте тұратын оқушылармен жұмысты жандандыру, жеке және топтық жұмыстар

жасау арқылы қызығушылығын ояту, салауатты өмір салтын насихаттау, Отансүйгіштікке баулу, өз қабілеттерін шыңдау, оқушылардың білім мен қабілетін арттыру мақсатында мектепішілік ақысыз 9 үйірмелер жұмыс жасайды.

№	Үйірменің атауы	Оқушы саны	Жауапты жетекшілері
1	“Көркем жазу” үйірмесі	49	Алтынбекова Роза
2	“Қызықты математика” үйірмесі	50	Тұрдалиева Гүлбану
3	“Волейбол” үйірмесі	45	Алимбеков Мелдеби
4	“Футбол” үйірмесі	46	Қарабаев Қанат
5	Жас шебер” үйірмесі	40	Талдыбекова Жазира
6	“Асық ату ” үйірмесі	24	Кадыров Полат
7	“Абайтану” үйірмесі	30	Нартаева Алтынай
8	“Жас әдебиетші”	24	Құлжабаева Қарлығаш
9	Ғажайып театр	25	-

Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оған дұрыс бағыт беріп отыру барша қауымның ортақ ісі. Жас жеткіншектің жан-жақты болып өсу тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейді. Сонымен, оқушылардың бос уақытын пайдалану үшін, ең алдмен олардың қандай пайдалы іспен шұғылдануды ұнататынын, қабілетін зерттеп біліп, сыныптан тыс жоспарын жасағанда ескерту керек. Бұл ретте біз сөз еткен зерттеу шеңберін кеңейтіп, сан қилы тәсілдерін жетілдіріп, нәтижелігінің арттыру үшін аянбай еңбек ете білу керек. Мектеп тәрбие жоспарына сай оқу жылы барысында мерекелерге орай сыныптан тыс іс-шаралары жоспарлы түрде өткізіліп отырады. Бұл іс-шаралар оқушылардың эстетикалық талғамның өсуіне, патриоттық сезімдерінің жетілуіне, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және де адами қасиеттерінің дамуына зор үлесін қосады. Жыл басынан бері атқарылған жұмыстар төмендегідей:

26.09.2024ж 4 «А»сынып оқушыларымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап асыл қазынам» атты іс-шара өтілді. Мақсаты: Кітап сарқылмас рухани қазына дей келе,білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.Кітапқа деген қызығушылығын арттыру. 17.10.2024ж күні 3-4 сынып арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасында аясында «Ертегілер еліне саяхат» атты сайыс өтілді.

Мақсаты: "Оқуға құшар мектеп жобасы" аясында "Ертегілер еліне саяхат" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Ертегіні көңілді қабылдауға үйрету, сахналап беруге талпындыру, кейіпкердің мінез - құлқын сезіндіру, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Ойлау, есте сақтау, еске түсіру қабілеттерін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адам бойына жат қасиет тілазарлықтан аулақ болып, кешірімді болуға тәрбиелеу.

30.01.2025жылы 3-4 сыныптар арасында қысқы демалысты тиімді өткізу барысында 3-сынып оқушыларына «Мүнхаузеннің басынан кешкендері» хикаясы,

4-сынып оқушыларына «Нелло мен Патраш» ертегісі ұсынылды. Байқаудың мақсаты: әлем ертегілер туралы түсініктерін қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту; оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, шығармашылық шеберліктерін арттыру, ертегілер арқылы сөздік қорларын молайту. 17.02.2025жылы 3 сынып үздік оқушыларымен **«Әдебиет әлеміне саяхат»** сыныптан тыс сайыс ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттыру, олардың ой өрісін, дүниетанымын, білім дағдыларын қалыптастыру."Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында 2025 жылы 7 ақпан күні
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында мектептің "Өзін-өзі басқару" ұйымы Мектеп парламенті "ДЕБАТ" фракциясы мүшелері , ұйымдастырушы педагогтер Қ Құлжабаева, А.Нартаева, аға тәлімгер Г Мусаеваның ұйымдастыруымен "Балаларға ерте табыс табуды үйрету, олардың болашағы үшін маңызды" тақырыбында пікір сайыс өткізілді. Мақсаты: тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы ой- өрісті дамыту, жан-жақты ойлау арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру,сыйластыққа, достыққа және мәдениеттілікке тәрбиелеу.

2025 жылғы 5 мамырда Е.Молдабаев атындағы жалпы білім беретін мектепте «Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің республикалық фестиваль-байқауының қалалық кезеңі өтілді.Атаулы фестивальге мектебіміздің 7 сынып оқушылары қатысып,жүлделі 3- ші орынға ие болды.2025 жылдың 20-қаңтар мен 20-ақпан аралығында бастауыш сынып пәндерінің **«Бастауыш-білім бастауы»** айлығында сыныптан тыс **«Көркем жазу-өнер»** атт сайысы өтілді.

Жалпы үйірмедегі оқушылар саны: 333

№	Мекеме атауы	Жалпы мектепшілік үйірмелер саны	Ақылы мектепшілік үйірмелер саны	Жалпы бала саны үйірмелер саны	Үйірмелермен қамтылған бала саны
1	“Арыс жалпы білім беретін мектеп” КММ	9	0	333	333

№	Мектеп атауы	Мектепшілік ақылы үйірмелер саны	Қатысатын оқушылар саны	Жетекшісі
1	“Арыс жалпы білім беретін мектеп” КММ	0	0	жоқ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл» бойынша жасалған жұмыстар

№	Өткізілген іс-шара	Мерзімі	сілтемесі
1	Педагог қызметкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша семинарлар өткізу	10.04.2025ж	https://www.facebook.com/share/p/enxpHNvNrtKjMqJQ/
2	Тәжірибе алмасу мақсатында педагогтер арасында диалогтер алаңын ұйымдастыру	12.04.2025ж	https://www.facebook.com/share/p/xB2EAuaiG33Bt2rj/
3	Ата-аналар жиналысы	13.04.2025ж	https://www.facebook.com/share/p/16bG4JD6Wa/

4	«Адалдық пен әділдік», «Адалдық, парасаттылық - адамдықтың белгісі» тақырыптарында ұлы тұлғалардың өлеңдері мен нақыл сөздерін жатқа айту бойынша ашық сабақтар	17.04.-30.04.2025ж	https://www.facebook.com/share/p/1AQc5P8Xfm/
5	Жоғары сынып оқушыларының арасында TEDx форматында әртүрлі жетістіктерге жеткен спикерлермен кездесулер ұйымдастыру	04.05.2025ж	https://www.facebook.com/share/p/19Xf9to1ei/
6	Мектеп директорының ата-аналарға есептік кездесу ұйымдастыру	10.05.2025ж	https://www.facebook.com/share/p/16fkqgXg6y/

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстардың МӘЛІМЕТІ

№	Іс-шара атауы	Өткізу мерзімі	Сілтемесі
1	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, кудалаудың балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын-алу	17.01.25ж	https://www.facebook.com/share/p/1AcitHWSCy/
2	Құқықбұзушылықтың алдын-алу және оны болдырмау	20.01.25ж	https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0Ss2cpGtQ4yGfMUTk2rnCMFRE2F8ocPNqbZiFgSNV4683cDadJDFNeKsATTtWhdEHl&id=100054673440617
3	Қыз намысы- ұлт намысы	23.01.2025ж	https://www.facebook.com/share/p/18v2UxmHV6/
4	Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықты алдын алу және болдырмау, құқықтық сауаттылықты арттыру, заңсыз іс әрекеттер жасаудан қорғау	17.01.2025ж	https://www.facebook.com/share/p/16fN7by6TL/ https://www.facebook.com/share/p/18rxqtjuH2/
5	Жастар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу	18.02.2025ж	https://www.facebook.com/share/p/199GYX1Ma1/
6	Әдемі қыз -көзіңе жақын, әдепті қыз-көңіліңе жақын	24.02.2025	https://www.facebook.com/share/p/1JAkCbUnr8/
7	Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ	26.02.2025	https://www.facebook.com/share/v/16DqBqtaXP/
8	"Адалдық асыл қасиет" тақырыбында адалдық сағаты ұйымдастырылып өткізілді.		https://www.facebook.com/share/p/DjM83BH2PcUVgTdR/
9	Ұрпақ тәрбиесінің жүйелі көзқарас"құқық бұзушылықтың алдын алу	18.12.2024	https://www.facebook.com/share/p/1JRh3icwWn/
10	Буллингтен қорған!» атты жасөспірімдер арасында кездесу өткізді.		https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02R3Xi83GqzdqNws1q4iNHtBQB3e91jvpxvY75nXTtDkNY869NgS5Ue7FsZSp3Gaqvl&id=100054673440617
11	Діни экстремизм және террозимнің алдын алу	18.02.2025ж	https://www.facebook.com/share/p/19BWj4W9L6/

12	«Жасөспірім» іс-шарасы аясында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша білім алушыларға түсіндірме жұмыстары жасалды"	15.03.2025ж	https://www.facebook.com/share/p/1EzHSCqNKy/
13	Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру» тақырыбындағы ісшара жоспарына сәйкес «Қоғамға зиян келтіретін не?» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.	18.03.2025ж	https://www.facebook.com/share/p/16cf45RAXK/
14	Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жиналыс өткізілді.	21.03.2025ж	https://www.facebook.com/share/p/1L2Ec16suP/
15	Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру» тақырыбындағы іс шара жоспарына сәйкес «Мемлекеттік қызмет- елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында шығарма байқауы өткізілді.	15.05.2025ж	https://www.facebook.com/share/p/16DUXjbkWn/

ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал қоса беріледі);

2025-2026 оқу жылындағы мектеп бойынша білім сапасы

оқу жылы	жалпы	үздік	екпінді	орташа	білім сапасы %	үлгерімі %	орта балл
2025-2026	659	161	239	299	60,7	100	4.06

2025-2026 оқу жылының негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) сыныптарында «Қазақ тілі» пәнінен өткізілген аралық аттестаттаудың қорытындысы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 13.104.2023 жылғы №96 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің м.а бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18-наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №321 бұйрығына сәйкес негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) білім беру деңгейінде академиялық жыл аяқталған соң 5-8, 10 сыныптарда «Қазақ тілі» пәні бойынша емтихан тапсыру жоспарланып, 5-8, 10 сынып білім алушыларын аралық аттестаттау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамы бекітілді. «Қазақ тілі» пәнінен 5-8,10- сыныптардың білім алушыларын аралық аттестаттаудан өткізуге іс-шара жоспары түзілді. Әзірленген әдістемелік ұсынымды жұмыс барысында басшылыққа алынып, сыныптар бойынша эмтихан жұмыстары алыну үшін дайындық жұмыстары жұмыс барысында жасалынп отырды. Мектеп ұжымы, ата-аналар мен сынып оқушыларына ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, хаттамалар түзілді.Емтихан тапсыру күні 26,28 мамыр күні болып, педагогикалық кеңесте айқындалды.

26 мамыр күні бекітілген кестеге сәйкес негізгі орта 5,6,7,8-сыныптарда, 28 мамыр күні кестеге сәйкес негізгі орта 10-сыныптарда «Қазақ тілі» пәнінен аралық аттестаттау жүргізілді. Емтихан сағат 08.00 де, басталып, 11. 00 де аяқталды.

Аталған емтиханға төмендегідей оқушылар қатысып, төмендегідей көрсеткіш көрсетті.

№	Сыныптар	Жалпы бала саны	ПӘН: ҚАЗАҚ ТІЛІ			
			Қатысқандар саны	"5" алғандар	"4" алғандар	"3" алғандар
				Барлығы	Барлығы	Барлығы
1	5 сынып	70	65	27	21	17
2	6 сынып	68	66	22	25	19
3	7 сынып	71	70	18	27	25
4	8 сынып	108	108	43	31	34
5	10 сынып	38	37	21	10	6
		355	**346**	**131**	**114**	**101**

Ерекше білім беруді қажет ететін 5 «Б» сынып оқушылары Абдусали Сағыныш Бекжанұлы, Мурат Бибарс Талғатұлы; 5 «А» сынып оқушылары Тұран Аяжан Әнуарқызы, Рахимбек Аяла Ержанқызы; 5 «Ә» сынып оқушысы Пернехан Қыдырәлі Әділханұлы; 6 «Б» сынып оқушылары Тұрмахан Даулет,Абдусамат Аяулым; 7 «Б» сынып оқушысы Оран Жания 10 «Ә» сынып оқушысы Елубасы Диязайт Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрлігінің 2023 жылығы 13 сәуірдегі №96 бұйрығының 3-тарау 50-тармағына,2026 жылдың 12 мамырдағы №6 педагогикалық кеңестің 1 қаулысының шешіміне сәйкес аралық аттестаттаудан босатылды.

2025-2026 оқу жылында 9 сыныпта 74 түлек оқыды. Қорытынды аттестаттауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес үлгілік негізгі орта білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 74 білім алушы қатысты.

- 9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 29 мамыр;

2) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (Қазақстан тарихы, биология, география) – 2026 жылғы 03 маусым;

3) қазақ тілі эссе нысанында жазбаша емтихан) – 2026 жылғы 08 маусым;

4) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан– 2026 жылғы 11

маусым

Қорытынды аттестаттаудың қорытындысы төмендегідей болды:

№	Пәннің атауы	жалпы оқушы	қатысқаны	«5»	«4»	«3»	Үлгерімі %	Мерзімі
1	Алгебра	74	74	23(31%)	25(34%)	26(35%)	100	29.05.202
2	География	24	24	10(42%)	8(33%)	6(25%)	100	03.06.202
2	Биология (таңдау пәні)	24	24	6(25%)	12(50%)	6(25%)	100	03.06.202
2	Қазақстан тарихы (таңдау пәні)	26	26	9(35%)	10(38%)	7(27%)	100	03.06.202
3	Қазақ тілі	74	74	24(32%)	30(41%)	20(27%)	100	08.06.202
5	Орыс тілі мен әдебиеті	74	74	28(38%)	24(32%)	22(30%)	100	11.06.202

2025-2026 оқу жылында 11 сыныпта 20 түлек оқыды. Қорытынды аттестаттауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес үлгілік жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 20 білім алушы қатысты.

11 сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2026 жылғы 02 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 05 маусым;

3) қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 09 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (биология)– 2025 жылғы 12 маусым;

5) орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 15 маусым.

Қорытынды аттестаттаудың қорытындысы төмендегідей болды:

№	Пәннің атауы	жалпы оқушы	қатысқаны	«5»	«4»	«3»	Үлгерімі %	Мерзімі
1	Қазақстан тарихы	20	20	6(30%)	11(55%)	3(15%)	100	02.06.2026
2	Алгебра	20	20	9(45%)	11(55%)		100	05.06.2026
3	Қазақ тілі	20	20	7(35%)	10(50%)	3(15%)	100	09.06.2026
4	Биология	20	20	4(20%)	11(55%)	5(25%)	100	12.06.2026
5	Орыс тілі мен әдебиеті	20	20	5(25%)	11(55%)	4(20%)	100	15.06.2026

Ақпараттық ресурстер және кітапхана қоры

«Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі кітапханасының 2025-2026 оқу жылында атқарылған жұмыстың есебі.

Кітап – сарқылмас қазына. Адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы – кітапхана. Әр ұлттың болмысы мен құндылығына, қасиеті мен құдіретіне, өсиеті мен өнегесіне бойлатып, жан азығын сыйлайтын киелі орын.
Білім бар жерде кітап көбейеді. Кітап бар жерде білім өркендейді. Кітап – білім байлығы ғана емес, рухты оятатын, ой-сананы өсіретін қымбат қазына, кітапхана – сол рухани байлығымызды үстемелейтін даналық үйі. Кітапхана деген сөздің өзі санаға рух береді. Кітапхана – әсіресе жастардың, ой-өрісін, ішкі дүниесін қалыптастыруға пәрменді ықпалы бар фактор екенін өмір көрсетіп отыр.

Мақсаты:

Оқушыларды кітап оқуға тарту, қызығушылығын арттыру. Әдебиеттерді оқуға үйрету арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, тілін байытып, білімге деген ізденістерін қалыптастыру. Балалардың кітап оқуға деген ынтасын көтеру, кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Кітапханада анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсету.
Қыркүйек айында барлық сыныптарға оқулық таратылып берілді. Жалпы мектеп тарапынан 100% оқулықпен қамтылды. Толық емес отбасылардан, көпбалалы, аз қамтылған балалар оқулықпен 100% қамтылды. Кітапхана қоры ББК жіктеуімен орналасқан. Кітапханада 651 оқырман кітап алып оқиды. Кітапханада тақырыптық кітап көрмелері ұйымдастырылған. Әр жаңа оқу жылының басында оқырмандарды қайта тіркеу жүргізіледі. Тіркеу номері оқырманның формулярына түсіріледі. Айдың соңында кітапханаға келген оқырман саны есептеледі. Оқырмандарға үнемі қызмет көрсетіледі. Кітап таңдау жағдайында кеңес беріледі.

Мектеп кітапханасының кітап қоры

Кітап қоры **– 29184**
Оқулықтар **– 28674**
Көркем,салалы әдебиет **-510**
Электронды оқулық **–72**
Оқулықпен қамтылуы **– 100%**
Оқырмандар саны **–651**
Кітапханаға келу саны**-1952**
Кітап берілімі **– 3906**

Қыркүйек айында бастауыш және жоғары сынып оқушыларына «Кітапханаға саяхат» тақырыбында мектеп кітапханасына саяхат жасалып кітапханамен таныстырылды. Кітапхананың ережесі және кітапханада қорында қандай кітаптар бар екендігі көрсетілді.Негізгі мақсаты: оқу мәдениетін қолдау және дамытуға, рухани мұраны сақтауға жәрдемдесу болып табылады.

Атқарылған жұмыстар

«Кітапхана күн шуағы білімнің» әңгіме сағатының өтілу барысы туралы
МӘЛІМЕТ

31.03 наурыз күні 2 Сәуір Халықаралық балалар күніне орай, **«Кітапхана-күн шуағы білімнің»** тақырыбында мектеп кітапханашылары З.Шулгаубаева мен А.Пердебекованың ұйымдастыруымен әңгіме сағаты өтілді.
Мақсаты:. Оқушыларға оқулықтың шығу тарихынан қысқаша мағлұмат беру, қазіргі заманғы кітап түптеу, баспа орындарымен, кітапханалармен сырттай саяхат жасау арқылы оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын дамыту; оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу; оқушының білімдік танымын өмірмен байланыстыра отырып арттыру; кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1DL3ddaAE5/

Түркістан облысы, Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» КММ-де 12.03 наурыз күні **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында **«20 минут кітап оқу»** тақырыбында мектеп кітапханашылары З.Шулгаубаева мен А.Пердебекованың ұйымдастыруымен кітап оқу уақыты өтілді.
Мақсаты: 1. Балалар әдебиетін отбасымен бірге оқуды ұйымдастыру оқу, оқуға басшылық жасау, оқу мәдениетін қалыптастыру.
2. Білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру .
3. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оны күтіп ұстауға үйрету,Кітапхана өмірімен таныстыру;
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1B4SPLi6UJ/
Түркістан облысы, Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» КММ-де 1.03 наурыз күні **«Алғыс айту - парызым»** тақырыбында мектеп кітапханашылары З.Шулгаубаева мен А.Пердебекованың ұйымдастыруымен тәрбие сағатының өтілуі барысы
Мақсаты: Оқушылардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту; ризашылық, рахмет, алғыс туралы түсінік беру; үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынасын дамыту; әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/18D2VaTfLC/

Түркістан облысы,Арыс қаласы «Білім бөліміне» қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» КММ кітапханашылары А.Пердебекова мен З.Шұлғаубаеваның ұйымдастырумен «Ұлттық валюта күні» мерекесіне орай, «Төл теңге» тақырыбында өтілген ақпараттық сағатының өтілу барысы туралы

МӘЛІМЕТ

Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің айырықша белгісі саналатын төл теңгеміздің шығу тарихымен оқушыларды таныстыру;Ақша айналымы тарихынан мағлұмат беру;Оқушылардың іскерлік,кәсіпкерлік, ақша туралы түсініктерін кеңейту;Өз елінің тарихына деген құрметін арттыру;
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1CngAocQuT/

Түркістан облысы,Арыс қаласы «Білім бөліміне» қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» КММ кітапханашылары А.Пердебекова мен З.Шұлғаубаеваның ұйымдастырумен Желтоқсан оқиғасының 34 жылдығына орай «Ашық әңгіме алаңы» тақырыбында желтоқсан оқиғасының қатысушыларымен өткізілген кездесудің өтілу барысы туралы

МӘЛІМЕТ

Мақсаты: Оқушыларға Тәуелсіз еліміздің бақыты жолында қыршын кеткен ұл қыздарымыздың ерлік іс әрекеттері туралы түсінік беру;есімдерін қадірлеп,қастерлеуге тірбиелеу;Ұлтымыздың азаттығы мен тәуелсіздігі үшін алаңға шыққан желтоқсан батырларымен бетпе бет жүздестіріп,басынан кешкен өз оқиғаларын тыңдату,ұғындыру,сезіндіру;

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/v/1Dfxs39Gpz/

Түркістан облысы,Арыс қаласы «Білім бөліміне» қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» КММ кітапханашылары А.Пердебекова мен З.Шұлғаубаеваның ұйымдастырумен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оян,қазақ!» Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл толуына орай өтілген танымдық сағаттың өтілу барысы туралы

МӘЛІМЕТ

Мақсаты: Оқушыларға Міржақып Дулатовтың өмірі мен шығармашылығын таныстыру,балалардың туған еліне,халқына,Отанына деген сүйіспеншіліктерін ояту,ақынның шығармаларының мәні мен маңызын ұғындыру;

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/17g1kowwz2/

Түркістан облысы,Арыс қаласы «Білім бөліміне» қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» КММ кітапханашылары А.Пердебекова мен З.Шұлғаубаеваның ұйымдастырумен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «**Мен және менің отбасым қандай кітап оқиды?» тақырыбында өтілген отбасылық оқу дәстүрі**

МӘЛІМЕТ

Мақсаты: Балаларды жас кезінен кітап оқуға қызықтырып,отбасылық кітап оқу дағдыларына бейімдеу,кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1Acu19Scep/

Түркістан облысы Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханашылары З. Шулгаубева мен Г. Каблашованың ұйымдастыруымен балалар жазушысы Өтебай Тұрманжановтың 90 жасқа толуына орай, «Балалар жазушысы» кітап көрмесінің өтілу барысы туралы

МӘЛІМЕТ

Мақсаты: оқушыларды ақын,әдебиеттанушы,фольклоршы Өтебай Тұрманжановтың өмірімен шығармашылығын таныстыру

18.05.2026ж

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1L7pq4v7Eg/

Түркістан облысы Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханашылары З. Шулгаубева мен Г. Каблашованың ұйымдастыруымен «Операның атасы» кітап көрмесінің өтілу барысы туралы

МӘЛІМЕТ

Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының кәсіби музыка өнерінің дамуы туралы толық мағлұмат беру,оның ішінде қазақтың тұңғыш операсы мен таныстыру.

18.05.2026ж

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/17WGwdgHA1/

Түркістан облысы Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханашылары З. Шулгаубева мен Г. Каблашованың ұйымдастыруымен «Ұлы Жеңіс жасасын» кітап көрмесінің өтілу барысы туралы

МӘЛІМЕТ

06.05.2026ж

Мақсаты: : Оқушыларды адамгершілікке, Отанын сүюге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық тәрбие беру: Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой-өрісін дамыту;Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1E4XTCTZmB/

Түркістан облысы Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханашылары З. Шулгаубева мен Г. Каблашованың ұйымдастыруымен «Бірлігіміз жарасқан» ақпараттық сағатының өтілу барысы туралы

МӘЛІМЕТ

30.04.2026ж

Мақсаты: көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы-еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту.Әр халықтың өнері,оның рухани байлығының негізін баланың жүрегіне өз ұлтының тілін,дінін біле отырып,өзге ұлттың рухани байлығын сыйлауға,құрметтеуге тәрбиелеу.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1CGrKAfPx2/

Түркістан облысы Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекттік мекемесінің кітапханашылары З. Шулгаубева мен Г. Каблашованың ұйымдастыруымен «Әдебиет әлеміне саяхат» сабағының өтілу барысы туралы

МӘЛІМЕТ

17.04.2026ж

Мақсаты: Оқушыларға ертегі туралы айту, оның түрлерін білу. Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме бере білуге үйрету. Оқушылардың ойлау, есте сақтау, еркін сөйлеу қабілеттерін дамыту. Ертегі арқылы қиялдарын дамыту арқылы тәрбиелеу.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/r/18JZW9acSd/

Түркістан облысы білім басқармасының «Арыс қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханашылары З. Шулгаубева мен Г.Каблашованың ұйымдастыруымен « Кітапханалық әдеби Квест» ақпараттық сағаты өтілгендігі туралы

МӘЛІМЕТ

Мақсаты: Оқушылардың білімі мен жүйріктерін шыңдау; кітап оқуға деген құштарлықты арттыру;есте сақтау қабілеті мен логикалық ойлауды дамыту; ұлттық құндылықтарды дәріптеу (мысалы, «Батырлар жыры» квестерді). Квест соңында командалар тапқан мәліметтерін біріктіріп, «жасырған қазынаны» немесе қорытынды кітапты табады. Бұл шара балалар мен жастар арасында кітапхананың беделін арттырудың ең тиімді тәсілі болып табылады.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/v/18k4sTM6Zw/

Түркістан облысы білім басқармасының «Арыс қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханашылары З. Шулгаубева мен Г.Каблашованың ұйымдастыруымен « Балалар жазушыларымен танысу» ақпараттық сағаты өтілгендігі туралы

МӘЛІМЕТ

Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, қазақ балалар әдибетінің көрнекті өкілдерімен таныстыру;

Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/p/1HDBHDzRwr/

Түркістан облысы білім басқармасының «Арыс қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханашылары З. Шулгаубева мен

Г.Каблашованың ұйымдастыруымен «Артық білім кітапта... » ақпараттық сағаты өтілгендігі туралы

МӘЛІМЕТ

Мақсаты: Оқушылардың білімі мен жүйріктерін шыңдау; кітап оқуға деген құштарлықты арттыру;есте сақтау қабілеті мен логикалық ойлауды дамыту; ұлттық құндылықтарды дәріптеу.Ертегілер әлеміне сұрақ- жауап арқылы қызықты таулдаулар жүргізілу. Бұл шара балалар мен жастар арасында кітапхананың беделін арттырудың ең тиімді тәсілі болып табылады.
Сілтемесі:https://www.facebook.com/share/r/1CXAXtwyHs/

Түркістан облысы Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуаналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханашылары З.Шулгаубева мен Г. Каблашованның ұйымдастыруымен «Тарих. Тұлға.Шежіре» «Бір кітап – бір тағдыр» тақырыбы аясында көрнекті ғылым, геолог Қаныш Сатбаевқа арналған танымдық сғаттың өтілу барыс туралы

МӘЛІМЕТ

15.04.2026 жыл.

Мақсаты: Көрнекті ғылым, қоғам қайреткері, Қазақстан Республикасы Ұлтттық Ғылым академисының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаев жайлы мағлұмат беру.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының негізгі мақсаты: жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, әлемді қабылдауды және оған бейімделуді жүзеге асыруға көмектесу. Оқушылардың дамуын, тәрбиесін, білім алуын әлеуметтік тұрғыдан қорғау. Өскелең ұрпаққа заман талабына сай тәрбиелеу, тұлғаның бойына жауапкершілікті, өз отанына деген міндет-борышын атқаруға, оның гүлденіп, өркендеуіне атсалысуына үйрету, өз тіліне, өзіне сүйіспеншілігін қалыптастыру, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор көрсету, табиғатты аялауға ықпал ету.

Міндеттері:

Оқушылардың қажеттілігі мен қызығушылықтарын, мінезден ауытқушылығын, әлеуметтік ортаға бейімделу және әлеуметтік қорғалу деңгейін анықтау.

Оқушыға қажетті қолдау мен әлеуметтік көмекті өз уақытысында көрсету.

Оқушы-жеке тұлға мен мектептің, отбасы, орта, әлеуметтік қызмет мамандарын, әкімшілік орындарды тікелей байланыстырушы.

Жеке тұлғаның бостандығы мен құқығын жүзеге асыруда, оқушыларды қолдау мен көмек көрсетуде т.б. әлеуметтік қорғау барысында шара қолдану.

Әлеуметтік инициативаны дамытуда, әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған, мерекелік шаралар ұйымдастыру және оларды талдап, бекітуге қатысу.

Мектепте, отбасыда, және қоршаған әлеуметтік ортада білім алушы жеке тұлғанның қауіпсіздігі мен психологиялық үйлесімділігіне жағдай

туғызуына ықпал ету.
Оқушының салауатты өмір салты үшін әлеуметтік ауытқушылық пен құқық бұзушылығының алдын алу.
Оқушыларға көмек көрсету үшін мұғалімдердің, ата-аналардың, әлеуметтік қызмет көрсету мамандарының, әкімшілік ұйым өкілдерінің өзара әрекетін үйлестіру.
Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жасалды.

2025-2026 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

«Мектепке жол» акциясының мақсаты – аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларға әлеуметтік көмек көрсету, әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу. Акция 2025 жылдың 1 тамызынан басталып,
30 тамыз айының аяғында аяқталды. Акцияның ұраны: ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА!

«Арыс жалпы білім беретін мектепке» әлеуметтік қолдау көрсетуіне демеушілік болған. Қаржы экономика бөлімінің басшысы Марат Асанов жеке кәсіпкер Төраханов А және Мектеп ұжым демеушілігінің арқасында 7 оқушы мектеп формасымен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

«Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қамқоршылық қорғаншылық және көп балалы , жетім балалар, өгей әке немесе өгей ана тұатын , көп балалы ажырасқан отбасы туралы. Әлеуметтік паспорт

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
	Барлық оқушылар	787	
	Отбасы түрі бойынша:		
1	Толық отбасылар	380	
2.	Толық емес отбасылар	20	
3.	Анасы жоқ балалар	1	
4.	Әкесі жоқ балалар	19	
5.	Көп балалы отбасы	436	
6.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	59	
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	0	

8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	12	
9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар		
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар		
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар		
12.	Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар		
	Ата-аналарының білімі:		
1.	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	167	
2.	Техникалық және кәсіптік		
3.	Орта	269	

1-желтоқсан «Біз салауатты өмірді қолдаймыз»-СПИД ке , наркоманияға қарсымыз атты апталық ұйымдастырылды. Медбике Г.Калымбетова мектеп психологы Ж.Спакешова, әлеуметтік педагог Е.Шекеров ұйымдастыруымен 5-10 сыныптар аралығында пікірталас өткізіліп , бейнероликтер көрсетіліп , спид жайлы түсінік берілді.

2025-2026 оқу жылындағы 1-4 сыныптардың ыстық тамақ және атаулы әлеуметтік көмек бойынша әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары

Арыс жалпы білім беретін мектебінде биылғы оқу жылында 1-4 сынып арасында 264 оқушы ыстық тамақпен және Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан 43 оқушы қамтамасыз етілді Олардың күнделікті уақытылы,кестеге сай тамақ ішуі қадағаланып тұрды. Ай сайын тамақтанудың есебі жасалып, аудандық білім бөліміне өткізілді.

№	Оқу жылы	АӘК бойынша 5-11 сынып оқушылар саны	Ыстық тамақ бойынша 1-4 сынып Оқушылар саны	АӘК және ыстық тамаққа жалпы бөлінген қаржы	АӘК алатын оқушы саны	АӘК бойынша киімге жұмсалған қаржы (тамыз)
1	2025-2026	43	264	25.384303,71	126 оқушы	5 469 282т

Мектебімізде «Мен және отбасым» тақырыбында әр сынып оқушыларының арасында түрлі жұмыстар жүргізілді. Олар мысалы сурет салу, шығарма жазу және әңгімелер айтылды.

«Арыс қалалық «Білім бөлімі» 17.03.2026 жылғы № 724 хатына сәйкес. Арыс ауданы прокуратурасының 12.03.2026 жылғы № 2-12-26-00341 хатына негізінде «Арыс жалып білім беретін мектебі» КММ-сі 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап

1-4 сынып және 5-11 сынып аралығында энергетикалық сусындарды тұтыну мен сатуға қатысты енгізілген шектеулерді түсіндіру мақсатында мектепте бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Атап айтқанда, білім алушылар арасында энергетикалық сусындардың зияны туралы түсіндіру жұмыстары өткізілді. Сынып сағаттары ұйымдастырылып, оқушыларға денсаулыққа тигізетін кері әсері туралы мәліметтер берілді. Сонымен қатар, мектеп қабырғасында «Энергетикалық сусындардың зияны» тақырыбында бұрыштар мен ақпараттық материалдар орналастырылды.

Мектеп маңындағы сауда орындарында энергетикалық сусындардың сатылуына мониторинг жүргізілді. Кәсіпкерлерге 21 жасқа толмаған тұлғаларға энергетикалық сусын сатуға тыйым салынатыны туралы ескертілді. Ата-аналар арасында да түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, балалардың денсаулығын сақтау мақсатында энергетикалық сусындарды пайдаланбау туралы ұсыныстар айтылды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың ақпараттану деңгейі артты.

Арыс жалпы білім беретін мектеп КММ-нің 2025-2026 оқу жылының 16 наурыз күні мектебімізде Наурыз мерекесіне орай «Қайырымдылық күні» аясында «Аға ұрпақты қастерлейік» атты акция ұйымдастырылды.

Аталған игі шараға мектептің 10 «Ә» сынып жетекшісі Қолдасова Айгүл, сынып оқушылары және әлеуметтік педагог Шекеров Ерлан ағай белсенді қатысып, жағдайы төмен, мүмкіндігі шектеулі отбасыларға көмек көрсетті.

Акцияның басты мақсаты – үлкенге құрмет көрсету, мұқтаж жандарға қолдау білдіру және оқушылардың бойында мейірімділік пен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Оқушылар қайырымдылық жасап, үлкендердің батасын алып, жүректеріне жылулық сыйлады. Осындай игі істер жас ұрпақты ізгілікке, қамқорлық пен жанашырлыққа тәрбиелейді. Жақсылық жасау – әр адамның азаматтық борышы.

Қорытындылар мен ұсыныстар

2025-2026 оқу жылында мектепте электронды журнал Bilim class платформасында жұмыс жүргізілді

2025-2026 оқу жылында Bilim class платформасындағы электронды журналдарының тексеру қорытындысы бойынша кемшіліктер жіберген пән мұғалімдеріне ескерту берілді.Күнделікті электронды журналды сауатты, сапалы толтырылуына мектеп әкімшілігі тарапынан дұрыс бағыт- бағдар беріліп, жіберілген кемшіліктерді жою мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады.

Арыс қаласының білім бөлімінің «Арыс жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ағымдағы оқу жылында атқарған оқу-тәрбие процесіндегі жұмысына жүргізген өзін-өзі аттестаттау қорытындысы мектеп қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім берудің) талаптарына сәйкес екенін көрсетті.

1) Комиссия төрағасы:Е.Кушкарбеков, мектеп директоры:
   Комиссия мүшелері:
2) М.Асирова, мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары:
3) У.Кадирова, мектеп директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:
4) Ш.Ильясова, мектеп директорының бейіндік жұмысы жөніндегі орынбасары:
5) У.Ахметова-орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, хатшы: